

# П И О Н Е Р




ОКТАБРЬ

1955 ЖЫЛ

№ 10

АЛМАТЫ



Есік көлінде

Фото-этиюд П. Редьковікі.



## Жасыл бақ

С. Сарғасқаяев.

Повесть

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ.

### 1. БОРАН КҮНІ

Бүгін демалыс болса да, Мақсұт әдеттегісінше ерте оялды. Жылы көрпенің арасында біраз маужырап бұйығып жатты да, кенет көрпені сырып тастап, орнынан ыршып тұрды. Түндегідей емес, бөлме іші салқын тартып, терезелердің жалтыр әйнегінде әшекейлі өрнектер тұрыпты. Бөлме іші ала көлеңке.

Алдыңғы бөлмеде әлдекім есік ашты, шелектің сылдыры да естілді. «Апам да тұрған екен ғой». Бөлменің орта шенінде тұрған ұзынша келген ағаш столдың үстіндегі дөңгелек сағат тық-тық соғады. Мақсұт сағатқа қарап еді, сегіз әлі болмапты.

Түнде жатар кезде сағаттың қонырауын тоғызға қойғаны есіне түсті. «Ертең демалыс қой, біраз жатармын»,— деп ойлаған еді ол. Әйтседе, ұйқыны әдеті жеңіп кетті. Енді орындыққа қаттап қойған киімдерін жеңіл киінді де, ауызғы бөлмеге шықты.

Үстіне шолақ ақ тері тон киіп, тор көз тоқыма орамалын алқымынан орай, желкесіне келтіріп

шалып байлап алған шешесі пештің алдында жүресінен бүкшііп отырып, от тамызып жатыр. Бөлмеден шыққан Мақсұтты бірден аңғарған жоқ.

— Қар қалың түсіп пе, апа? — деді пештің үстіне шұңғыл қара шөңкені әкеліп қоя берген шешесіне қарап.

— Ия, қалың түсіпті, қарағым. «Ақтастының» аузынан баяу жел есіп тұр. Боран болмағай,— деп күдігін де сездірді.

— Боран дейсіз бе? — деді Мақсұт шешесіне қадала қарап.

— Ия. Ақ боран болмағай.

Шешесінің бұл сөзі Мақсұтты да ойландырып қалды. Быртықтау бас бармағын аузына апарып, қою қасты қабағын сәл шытыңқырап тұрды да, дереу киіне бастады.

— Асығып қайда барасың, қарағым? — деген шешесіне: «Қазір келемін, апа» — деп асыға шықты үйден.

Таңертеңгі шытымыр аяз есіктен шыға берген

Мақсұттың бетін тыз еткізіп бір жалап өтті. Күн әлі шыға қоймағанмен жер үсті жап-жарық. Үйдің төбесін, дуалдың үстін, жапырағынан айырылып сыйдырып тұрған ағаш бұтақтарын түндегі түскен қалың қар басқан. Мүлгіп тұр.

Мақсұт көшенің дәл ортасына шықты. Колхоз селосының күндегі зор қыймылы әлі басталмаған. Тас жолдың үстінде айқыш-ұйқыш жалғыз аяқ жолдар ғана иреңдейді. Ол да болса әлі тапталмаған. Қар Мақсұттың қара пимасының дәл қонышынан келді. Жүріп өткен жерінде алғашқы жыртылған борозда тәрізденіп із қалды.

Бұлардың үйлері «Ақтастының» кең аңғарлы сайының аузында еді. Төменгі жағы аздап ылдыйлау, сондықтан да күнде ертенгісін сыртқа шыққан Мақсұт бет алдында созылып жатқан поселканы көзбен бір шолып өтетін. Қазір де сол әдетінше ақ қар жамылған поселкаға көз жіберді.

Село үйлерінің бәрі біркелкі дерлік. Жаз күндері қою ағаш арасынан көре қою да қыйын. Енді алақанға салғандай айқын көрініп тұр. Осылардың ішінде еңселі окшау көрінетін үйлер — клуб пен мектеп. Бұлар әрі биік, әрі үлкен де еді.

Оның үйден асыға шығып, тіпті кенет жана бір ойға келуінің де мәні бар-ды: Ол — мектеп ауласындағы бак. Өткен күзде алғаш рет бірлесіп отырғызған-ды. Нәп-нәзік әр талдың бойына қаншама еңбек сіңгені мәлім оған. Соның үсікке ұшырау хаупін естіп отырғанда, қалай тағат таппақ.

Ол — Раушанның көк сырмен бояған ағаш қақпалы үйінің қасына жеткенше желдің лебі де қатая түсті. Жел желпіген ақ қар тозаң тәрізденіп жер бауырлай ұшып қалтыраған бұтақтарға қонған қар сұйыла берді. «Ехе, әлден-ақ қатая бастады ғой» — деді Мақсұт ішінен.

Көзге таяу көрінгенмен мектептен екі-үш көше бері тұрған Раушанның үйіне жеткенше біраз уақыт өтті. Қалың қарға малтығып жүрісі өнбейді.

Бұл кезде Раушан да тұрған еді. Өні тайыңқыраған, өзінің денесіне сәл-пәл тарлық ететін қоян жағалы қара мұқаба пальтосын киіп алып, үлкен ағаш күрекпен есік алдының қарын мықшындап күреп жатқан. Домалақ қана, піскен алма тәрізді жүзі онан әрмен қызарып кетіпті. Қалың сызықша тәрізді қысыңқырақ көзі жанарлы-ақ. Қара шашын маңдайынан аздап қана төмен түсіріп бір тегіс еткізіп қыйғызған. Сондықтан да жалаңбас тұрса шашының алды баспаша «П» әрпі секілді. Денесі толықша келген, тапалдау. Қатар тұра қалса бойы Мақсұттан аласа болғанмен, денесі көзге онан көрі ересектеу тәрізді. Кейде дененің өзі аласалау бойды аңғартпайды да ғой.

Мақсұт Раушанның қар күреп жүргенін анадайдан көргенмен, қасына барудан іркілді. Оған себеп — ала төбет. Ала төбет болса «Мен мұндамын» дегендей арс-арс үріп, шынжырын сырылдата еріне басып, қақпаға қарай жүрді.

Раушан да басын көтерді. Жолдың жиегінде тұрған Мақсұтты көріп, жымың етті де, қардың үстінде жатқан ақ түбіттен жасаған қолғабын алып, қарсы жүрді.

— Амансың ба? — деді жайрандаған қалпы қолын ұсына беріп.

— Саған келдім, — деді Мақсұт бірден келу мәнісіне көшіп. — Неге күлесің? Ия, саған келдім. Жүр тезірек!

— Қайда?

— Мектепке. Көрдің бе, боран соққалы тұр.

Раушан әлі де түсіне қоймады. Көзі күлімдейді. «Жай келген шығарсың», — деп тұрғандай.

— Түу, тезірек жүрші деп тұрмын ғой саған. Ағаштарды үсік шалады, — деп Мақсұт ренішпен күйіне сөйлегенде ғана, Раушан секем алғандай, ажарынан күлкіні тез жыйнады.

Бұлар келсе мектептің есігі жабық тұр. Келген жанының ізі де түспеген. Енді қайтпек!

Жел ысқыра ұлып, бетті сабалайды, етеккі тартқылайды. Талайдан бері сазарып, ішін кернеген ашуын алмақшыдай. Аянбай үрлейді, бұлқан-талқан болады. Шарқ ұрады, кейде құйындай үйіріліп, кейде бет қаратпай қақпалайды...

Мектептің ауласына отырғызылған жас шыбықтардың басы жер сабалайды. Нәзік... желдің ызғарлы өтіне төтей алмайтын секілді. Ебелек қағады.

Мақсұттың көз алдында жас талдар ешбір қорғансыз, долы желге бой ұрып қалтырап тұрғандай болып кетті. Жаз күндері біресе ойға, біресе қырға ұшқан қаңбақтай, әрбір тал үсіп те, ұшып та бара жатқандай елестеді. Бойы тітіркеніп, денесі шымырлап, ішін суық леп қарығандай мұздап кетті.

Жел біресе оңнан, біресе солдан қақпалайды. Аула ішінде шыр көбелек үйіріліп, пәрменімен үрлейді. Қарап тұрып, көз алдында жас талдарды үсікке шалдыруға қалай төзерсің. «Мұндайда?.. Ия, мұндайда олар...»

Мақсұт Раушанға жалт бұрылды да:

— Тез, балаларды шақыр, — деді. — Мен вожатыйға барамын!

— Вожатый фермаға кеткен.

— Не? — деді Мақсұт дәл осы арада кінәлі Раушандай-ақ, қадала қарап.

— Фермаға кеткен. Сен немене бақырасың соншама?

Мақсұт мүдіріп қалды...

— Жарайды... Жүр, балаларды шақырайық!

Еңіске қарай жүргенде желдің өзі жетектегендей болады. Бір аяғынды жерге қойып үлгірмей-ақ, кеуденді алға итермелеп, асықтыра түседі. Алғаш



балаларды шақыра жүріп, Мақсұт әлгіндей алқынған да жоқ, қайта бойы жеңілденгендей болып кетті. Бірақ, қайта оралғанда көзді жеңімен қалқалап, әр адымды аттаған сайын тырмысты-ақ. Жел біресе етегіңді тартқыласа, біресе қармен бетке ұрады, кейде үйіріле келіп соғып кетеді. Әрең дегенде мектептің ауласына жетті-ау.

Мектептің ық жағында топырлап тұрған балаларды көргенде, жадырап кетті. Енді жас талдарды үсітпейтіндей болып көрінді.

— Ей, неғып тұрсындар? — деді ол жетер жетпестен-ақ дауыстап. — Кәне, қыймылдандар!

— Қалай қыймылдаймыз? — деді осы кезде арықша келген, ұзынша бала, езуіне мысқыл үйіре. — Кел, алысайық!

— Өзің неге келдің? — деді Мақсұт ыза боп.

— Мына Раушан шақырды, келдім, — деді ол көзінен күлкісін жыймай.

— Жә, Ақан, — деді Раушан да бұлардың қастарына келе бере. — Осы сенің сөзің-ақ бітпейді екен. Неге келгеніңді білмей тұрсың ба. Онан да не істейміз десейші.

«Не істейміз?... Карды әр ағаштың түбіне қарай үюден басқа не істемек?»

— Жүріңдер! — деді Мақсұт. — Әр талдың түбіне қар үйейік!

Балалар ала келген күректерімен қарды көсіп-көсіп жіберіп тал түбіне үюге кірісті. Жапырлай, шапшаң қыймылдағанмен күрекке ілінген жұмсақ қарды жел үрлеп әкете берді. Тіпті әр талдың түбіне үйілген қардың өзі де қас қаққанша сұйылып, байырғы қалпына келді. Кейбір балалар талдың түбіне айналдыра кесектен қорған жасап, қарды соның түбіне үймек болып еді, онан да ешнәрсе шықпады.

Көп ұзамай-ақ бұл әрекеттен түк өнбейтінін бәрі де білді.

— Ал, енді қалай қыймылдайық? — деді Ақан қарап тұрмай қылмылдап. Оның сөзі Мақсұтты шымшып алды.

— Енді ме, — деді Мақсұт самайға шып-шып шыққан терді жеңімен оса бір сүргіп, — енді, демаламыз!

— Демаламыз?! — деді Раушан «бұған не болды?» дегендей көзі бажырая.

— Ия, демаламыз, — деді Мақсұт. — Яғни сендер демаласындар. Ал, мен қазір келемін...

Кілт бұрылды да, мектептің алдымен шығатын көлденең көшеге қарай тұра жүгірді. Бойын әлде бір ыза кернегендей, реңі түтігіп кетті. Қабағы түйіліп, тістеніп алды. Желді де елең етпеді. Жас бойына жаңа бір жігер құйылғандай, қарға омбылап жүгіріп келеді. Сол бойы, бұрышта тұрған ағаш үйдің кең қақпасынан келіп кірді.

Ала көлеңкелеу бөлме іші оған қараңғы көрінді. Ең алғаш үй ішін бірден бағдарлай алмады. Бірте-бірте көзі үйреніп, адамдарды енді ғана көрді. Ортадағы ұзынша столдың дәл төрінде әскери сары гимнастерка киген Рыскелді отыр екен.

Үйге келген баланың Мақсұт екенін Рыскелді төр жақта отырып бірден таныды.

— Е, Мақсұт, кел, кәне, төрлет, — деді екі қолы алға соза.

— Сізге келіп едім.

Мақсұттың дауысы әрең шықты.

— Ия, айт, — деді Рыскелді қасына келіп.

Оның сөзінің басын Рыскелді қасында тұрып тыңдағанмен, Мақсұт кей жерде жаңылып, кейде қайталай асыға айтып шыққанша босағада тұрған

киім ілгіштегі жеңіл шолақ тонын, елтірі қара құлақшынын да киіп үлгірген еді.

— Жүр, кеттік, — деді Мақсұтка.

Қалай киінгенін Мақсұт аңғармай қалған еді...

Рыскелді «Алғабас» колхозының агрономы еді. Өткен күзде келген болатын. Алғашқы күннен-ақ колхоз орталығында жетіжылдық мектептің балаларымен тез үйірлесіп, араласып кеткен. Әсіресе, бесінші кластағы жас мичуриншілермен дос болды. Кейде келуі сиректеп қалса, балалардың өздері де шыдамсызданып асыға күтетін...

Әсіресе Мақсұт пен Рыскелдінің арасында өте бір жақындық пайда болған еді...

Кейде Рыскелді оны туған бауырындай ішіне тартып, ағалықтың жылы құшағына бөлесе, Мақсұт та оны ағасындай көріп еркелейді. Осы бір бауырмалды, ыстық достық күн асқан сайын өзектеп, тамырын кең жая тереңдеп бара жатты...

Рыскелдіні көрген балалар шу етіп, қоршай қалды.

— Ал, енді бөгелмейік, — деді Рыскелді келген бойда. — Мақсұт, бір топ балалармен анау арадан қара жусан әкеліндер. Ал, сен, Ақан, қарап тұрма. Ана бір үйіліп жатқан шыбықтарды бері тасындар!

Дауыл күні үлкен мұхитта толқын ығыстырған кемелің рулі батыл да берік капитанның қолына тигенде абыржу да басылып, жаңа бір қызу қыймылдың басталып, бұйра жалды толқыннан да басым жігер тасқындайтыны мәлім ғой. Әлгінде ғана не істерге білмей дағдарған балалар Рыскелді келісімен-ақ іске қызу кірісіп кетті. Тоңазыған бойды жылу шарпып, көңіл масайрап сала берді.

Әр талдың түбіне жусан, ермен және шыбықтар үйіп, жел ұшырмастай етіп бастырып, қар үйген соң ғана балалар демалды.

— Уһ! — деді Раушан кішкене ғана томардың үстіне отыра кетіп.

— Шаршадың ба? — деді Рыскелді үстіне жұққан қар мен тозанды қалың тері қолғабымен қағып жатып, оған көзінің астымен қарап күлімдей.

— Шаршадым, — деді Раушан. Бірнеше бала бұл сөзге күліп жіберді.

— Неге күлесіндер? Шаршағанда не тұр?

— Шаршайтындай сен не тындырдың? — деді Ақан күліп.

— Мен бе, мен бірдене істедім ғой деймін. Әйтеуір сен құсап күні бойы күрекке сүйеніп, бүрісіп тұрғаным жоқ...

Балалар Ақанға қарап ду күлісті.

— Қім білген, жалқау екенсің ғой өзің.

— Ой, жөнел, мұрның үсіп барады.

Бұл сөздер Ақанның ызасын келтірді. Тістеніп сазарған қалпы, кішірек қоңыр көзімен Раушанға ата қарады.

Үйлеріне қарай беттеген балалардың соңын ала қатарласа жүрген Рыскелді Мақсұттан:

— Олақ көрінбеді ғой? — деп сұрады.

Мақсұттың есіне Олақтың келмегені жана ғана түсті.

«Ол неге келмеді екен?» Бұл сұрақ үшеуінің де ойында тұрды.

## 2. БҮЛ КЕЗДЕ ОЛАҚ...

Олақ болса бұл кезде селоның етек жағындағы кең жыраның ішінде еді. Соңғы кезде бұл ара оның үйреншікті орнына айналған. Өзі таса жер, ешкім де көрмейді не істегенінді. Ал, көрмеді дегенше, ешкім ұрыспайды да, сөкпейді де. Олаққа да керегі осы.



— Сөзуар құрғақ белсенді болғанша, үндемей тыныш жүргенің көп артық, — дейтін ол Ақанға. Ақан іштей қостамаса да, ренжітпес үшін «дұрыс қой» дей салатын.

Мана ертеңгісін шешесі оятып алып:

— Мен бригада басына кеттім. Жел көтеріліп барады. Боран болмағай. Есікті іліп ал. Су әкеліп қой. Ана қорадағы ағаштарды жарып, пештің қасына үйіп қой. Құрғап тұрсын, — деп өз тапсырмаларын беріп кетті.

Ұйқыға қызыққан Олақ шешесінің айтқандарын шала-шарпы естісе де, «жарайды» деп басып изей берді. Шешесі кеткен соң біраз жатып барып тұрды. Тұрды да дереу киініп алып, тура Ақандікіне тартты. Келсе ол жоқ екен. «Әлгінде балалар мектепке шақырып алып кетті» — деді оған шешесі. «Мектепке!» Ойлап-ойлап неге шақырып кеткенін біле алмады. Ақыры «Жай шақырмас. Бір жұмысы бар да, есебі» деп түйді. «Ене, өзім барып тұтылғанша, тезірек құтылғаным жақсы емес пе». Жұмыстан гөрі ойынды қалады жаны.

Жел ойнағы сай ішінде баяу еді. Күн жылына қалған кезде еріген қар суларының беті көк мұз болып қатқан, жап-жалтыр. Күнге жактағы жар қабақтарға қар тұрмаған. Ажарсыз сарғылт жүзін күнге төсейді. Олақ өзіне ықшамдап қана тігіп берген сұр шинельді сай табанына түсісімен-ақ шешіп тастады. Арасына жұкалап қой жүнін салып тіккен фуфайкасын дәл белінен жіңішке қайыс белбеумен тартып байлап алыпты. Сүйтсе де арық, талдырмаш денесінде толықтық аңғарылмайды. Аяғында ұзын қонышты ақ пима. Дәл тобығының тұсында алақандай сары дағы бар. Кептіремін деп күйдіріп алса керек. Енді бір қызығы малакайы. Мұның байлайтын бауы қашан да ұзаққа шыдамайды. Абайсызда шиелеп байлап алып, асығып жүргенде шешіп жатуға ерінеді де, тартқылап үзе салады. Ол үшін шешесінен қаншама сөз естіді десейші. Әйтседе, шеше байғұс жаңа баулық тігіп береді, ал келесі күні Олақ оны үзіп келеді. Осы қыстың өзінде біресе ала, біресе қара, біресе қызыл... не керек сан түрлі баулық қалды-ақ оған...

Олақ қолтығына қысып ала келген конькиін ақ пимасына кендір жіппен шандып байлап алады да, жыланша иреленіп жатқан таспа мұздың о шеті мен бұл шетіне бір-екі рет ызғытып шықты.

Біраздан соң бірен-саран балалар да келе бастады. Олар осы бір қуысқа Олаққа деген көңілділікті ала келгендей болды.

Олақ енді конькимен әрлі-берлі ойқастай жүріп «көрдіндер ме менің өнерімді» дегендей жайраң қақты. Шынында, Олақ конькиді нашар теппеуші еді. Нәзік денесі коньки тепкенде бір түрлі сан қыймылға келіп, көзге әрі үйірмлі, әрі сүйкімді көрінетін.

Жыйнала бастаған балалардың бәрі дерлік Олақтан жасы кішілер еді. Кейбірі жалпақ ағаштан табанына сым қағып жасап алған конькимен келіпті. Бұлар әлі мектепке жасы толмағандар. Кім болса ол болсын, әйтеуір, Олаққа ермек табылды.

Бір-екі рет мұздың о шеті мен бұл шетіне сырғанап шыққан Олақ енді мұздың шетінде тұрған балалардың қасына келді.

— Неге тұрсындар?

Үн жоқ. Батылдау біреуі ғана баяу үнмен:

— Жай, әншейін! — деп еді, Олақ дауысын көтере сөйлеп:

— Жай, әншейін, — деді кекете. — Ей, онан да асық ойнайсың ба?

— Жо... — деді әлгі бала тартына.

— Тығылма... Ей, әнегүні сен емес пе ең қашып кеткен. Жо, мырза, ия сенсің. Есебі, енді құтылмаймын деп қой. Давай, давай ойнаймыз.

— Ойнама, Салық, — деді осы кезде кішкентай ғана тәмпіш мұрын сары бала. — Бұл қарау ойнайды. Әнегүні үш асығымды бермей кеткен.

— Мен бе? — деді Олақ қызарқтап. — Жә, сенімен ойнаймын деп тұрған жоқпын. Кел-ей, Салық, ұтсаң ала бер. Жалко что ли асық.

Ол сақасын жалтыр мұздың үстіне иіріп жіберді.

— Міне, мен дайын.

Ақыры әлгі Салық дейтін бала мен ұзын сыйрақтағы да бір бала шықты. Ойнамас бұрын олар Олақтан уәде алды. Жайшылықта Олақ пысқырып та қарамас еді бұларға, айла нешік. Өзі тұстас баланың бірі де жоқ бұл маңда. Және еріккенге бұл да ермек қой.

Ойын десе Олақ қызып кетеді. Денесінің өзі де ойынға икемді тәрізді. Көзі күлім қағып, қатпа жүзіне қан ойнап шыға келеді. Сәл бүкшиіп, сақаны сүйір мұрнының ұшына әкеліп, көзін қысыңқырай сілтеп жіберсе болды, аналай жерде тігулі тұрған асықтың бірін ұршықша үйіріп ала жөнеледі. Оқыс тигізе алмай қалса болды сабыр-айласы кеткендей асық тұрған жерге тізерлеп отыра қалып:

— Тіфу, тіфу! — деп безек қағады.

Ал ұтылып бара жатса:

— Есебі, сен дұрыс баспадың, — деп жала жауып, шатақ шығаратыны да бар. Мұндайда күре тамыры адырайып, дауысы шаңқылдап ащы да, қатты да шығады. Сыр мінезін білетін кейбір балалар:

— Есебі, ей, мынаны қара, — деп алдымен тұрған орнын көрсетіп алады немесе бір-екі асықты беріп, қолын сілтеп жөніне тартады. Мұны ұттым екен деп Олақ мәз болып қала береді де, бір-екі күнге дейін сол ойынын өзінше мақтанышпен аузынан тастамай айтып жүреді.

(Жалғасы бар)

# Елемес

Бөбектер үшін

Елемес қазір төрт жасқа келіп қалды. Біз бұрын оны «үндемес» дейтінбіз. Ол туралы жазамыз деп те ойлағанымыз жоқ.

Елеместің Әбен, Әмен деген екі ағасы бар.

Олардың аттарын ата-аналары шілдеханада жұрт айтқан есімдерден таңдап қойған-ды. Ал, «Елемес» деген атты әкесі өзі қоя салды.

## АҒАСЫНА МІН ТАҒУЫ

Елемес үшке келгенде тез, жүйелі сөйлейтін болды. «Мама, папам қайда?» — дегенді әрең айтушы еді, енді «Мама, папам кашан келеді? Маған папамның әдемі қарындашын берші» — деп кәдімгідей сөйлеседі. Бір күні таңертең әкесі сакалын қырып, сабын жаққышын орнында ұмыт қалдырыпты да, өзі шайға отырыпты. Бір кезде жағына сабын көпіршігін жағып ап, ас үйге кіріп келген. Елемес әкесіне:



— Папа, тоқтай тұр, мен де сакалымды алып жатырмын, — дейді.

Әкесі оған таңдана карап отырады да, «ақылың аз» — деп, күліп, құшағына қысады. Елемес осы сөзді жиі еститін де, түк түсінбегендей: «Ақыл қайда?» — деп сұрайтын. Әкесі жымыйып: «ақыл мұнда» — деп басын көрсететін...

Бір күні кешке жақын ұйықтап жатқан ағасын көрсетіп, Елемес маңғаздана сөйледі:

— Мама, осы Әбеннің ақылы аз..

— Неге олай дейсің? — деп сұрады шешесі.

Елемес үлкен адамша:

— Қазір жаз ғой, жаздыгүні үйде ұйықтамау керек. Далада ойнау керек: Қыста суық түскенде ғана үйде көп ұйықтауға болады. Ал, Әбен неге жаздыгүні ұйықтай береді?

Кешке жұмыстан келісімен мамасы әкесіне айтып берді. Папасы жымыйып, басын шайқады.



## ӘЖЕСІМЕН ӘҢГІМЕСІ

Бір күні Елемес аяқ киімін киіп жатып, әжесіне былай деді:

— Әже, әй, әже! Ботинкамның біреуін ғана кисем қайтеді?

— Тек, онысы несі? Екеуін де ки, сыңар аяқпен жүруге болмайды! — деді әжесі.

— Әже-ау, бір аяқпен жүре алмаймын ба? Онда басыммен-ақ жүрейін.

— Тек, құлыным, қайдағыны қайдан шығарып отырсың! Басымен жүрген кімді көрдің? Жұрттын бәрі аяғымен жүреді ғой. Сен оны көрмеймісің?

— Әже, әй, әже, баспен жүрсе, адам бір-ақ ботинка киеді ғой! — деп, Елемес нығыздана сөйледі.

Әжесі бұл сөзді қызық көріп, күліп жіберді.

## «ҚОЙДЫҢ АҚЫЛЫ БОЛА МА?»

Елемес ас үйде жүрген мамасына келіп еді, шешесі таңертеңгі асқа отырғызды. Сол арада баланың назары басқа бір нәрсеге ауып кетті. Ол екінші столда үлкен табақта тұрған қойдың бас сүйегі еді.

— Мама, мама...— деп, Елемес шешесін жалт каратты да, бастың жайын сұрады.

Мамасы түсіндіре бастап еді, Елемес сұрағын одан сайын көбейтті: «Қойды қалай сояды? Қызыл қойдың басы неге аппақ болып кеткен? Қойда ақыл бола ма? Ақылын басынан көрсем қайтеді?»

— Қойда ақыл болмайды. Малда ақыл болмайды. Түсіндің бе?..

— Ә... ақыл болмаса ол қалай жүреді? Қозысын қалай жақсы көреді?..

— Тамағынды іш...

Елемес тағы бірдене айтқысы келіп еді; алдындағы тамақты жаңа көргендей, күреңітіп піскен пирогты шанышқымен түйреп қалды.

### ЖАЗА

Үй ішіндегі заттарды бір жерден екінші жерге ауыстыруды Елемес ешкімнен сұрамайды. Ол шамасы келсін-келмесін нендей затты болса да көтергісі келіп тұрады. Сондай әрекетте жүргенде ол бір нәрсені сындырып та алады. Сонысы үшін әкесі бірер рет бұрышқа тұрғызып жазалаған болатын.



Бір күні әкесі жұмыстан келгенде, Елемес алдынан жүгіріп шықпады. Бөлмесіне келсе, ол жазалы балаша бұрышта тұр екен. Шешесі тұрғызып қойды ма деп ойлады да, әкесі баланы жылы шыраймен өзіне шақырмады. Елеместі елемеген адамша шығып кетіп, шешесінен баланың неге кінәлы боп қалғанын сұрады.

Мамасы ұрысқан да, жазалаған да жоқ екен.

Папасы бөлмеге қайтып келіп:

— Елемес, бұрышта неге тұрсың? — деп сұрады.

— Сенің жақсы қаламыңды сындырып алдым...

— Сонда бұрышта тұра ма екен?

— Бәрі бір сен тұрғызасың ғой...



### «МЕН ДЕ ПАПАМДАЙ БОЛАМЫН»

Осы күні Елеместің бір қылығынан бір қылығы асып түседі. Кеше мамасы айна алдында тұрған бір құртақандай адамды көрді. Оның қолында шахтер шамы. Басында резинка қалпақ. Шешесінің кіргенін біліп:

— Мама, көрші қандай киім киіп тұрғанымды. Папам сыяқты болдым!

— Жә, папаңа онсыз да ұқсассың, киімдерін орнына апарып қой. Сен папаң құсап жер астына түсіп, кен мастері болғанша қайда...— деді шешесі іштей қуанып.

— Әһә, мен мастер болмаймын ба?.. Мен де папам құсап... папам құсап жердің астымен де, үстімен де жүремін. Мына шамды былай ұстап аламын,— деп лампаны оң қолымен кеудесіне дейін көтерді.

«Осының бәрін қайдан біле береді екен?» Шешесі әкесінше киініп тұрған баласын көтеріп алып:

— Әкендей болу үшін, қызығым, әлі мектепке барып, көп-көп оқуың керек, — деп балалар бөлмесіне қарай алып кетті.

### ТАУЫҚ

Жаңбыр жауды.  
Шыйқылдап  
Балапандар асыға,  
Сүңгіді қара тауықтың  
Қанатының астына.  
Балапандар тыстағы

Естімейді сытырды,  
Дөңгеленіп үрпиген —  
Тауық —  
Шатыр сықылды.

Тоқаш БЕРДИЯРОВ.





Кремльдің көрінісі.

## КРЕМЛЬ

Күннің алғашқы сәулесі жылт етіп Кремльдің мұнараларын аймалай бастағанда, қорған ішіндегі түнгі салқын ызғар кері серпіледі де, теп-тегіс алаң нұрлы шуаққа бөленіп жадырай түседі. Осы кезде кең қорғанның ортасында тұрған серуенші замандар тарихының ұлы мұраларына сүйсіне қарап, ізетпен бас иеді.

Мұнаралары жарыса бой тастаған биік, тас белдеудің ішіндегі кеудесін күнге төсеген томпақ алаң совет жерінің төріне ұқсайды. Расында солай да. Совет халқының ойы осы арада қорытылады. Совет өкіметі осы арадан елге басшылық етеді.

Бұл кезде серуеншілер Кремльге ертелеп ақ жыйнала беретін болған. Ұлама оқымысты, қарт жұмысшы, албырт жас, бүлдіршін бала — бәрі осыдан табылады. Ерікті елдің аудандарынан, облыстарынан, өлкелерінен, республикаларынан демалысқа, саякатқа келіп жүрген адамдар бұлар. Кремль барша адамның көзіне ыстық көрінеді, баршаның оны көргісі келеді. Күн онша көтерілмей-ақ, міне, оның іші халыққа тола бастады.

Үлбіреген ақ жібек көйлекті, үлпершіндей ақсары бала әкесінің екі саусағынан қыса ұстап, сұрақ үстіне сұрақты жаудырып келеді.

— Мұны неге Кремль деп атайды? — дейді Вова.

— Бұрынғы заманда орыс қалаларының, әдетте, дөңестегі мұнаралы қорғанмен қоршалған орталықтары кремль деп аталатын. Бұл да әуелде сондай қаланың орталығындағы қорған болғандықтан Кремль деп аталған, — деп жауап қайырды оның әкесі.

— Бұл қашан салынған?

— 1156 жылы. Алғашқы қабырғасы бөрене болған.

— Оны кім салған?

— Князь Юрий Долгорукий.

Я, ол заманда Суздаль, Тверь, Рязань, Новгород князьдіктері тәрізді толып жатқан князьдіктердің өзара қырқысуынан орыс жерінің түкпір-түкпірінде соғыс өрті сөнбейтін, ырың-жырың елде бәтуә, бірауыздылық жоқ-ты. Бірыңғай мемлекет те болмаған. Осындай бытыраңқы, алауыз шақта князь Юрий Москва өзенінің жағасынан салғызып жатқан сол бір қорған, келешекте бүкіл орыс жерін біріктіретін, орыс мемлекетін құратын орталыққа айналады деп кім болжай қойды дейсіз?!

Қарт Кремльдің шежіресі осылайша басталған.

Кремльдің самсаған күмбездері мен мұнараларының әр қабырғасы, әр тасы әрбір

тарихи оқыйғаның куәсі. Оның әрқайсысының салыну тарихы бар. Кремльдің ұзақ, ғасырлар бойғы тарихы — бүкіл ұлы орыс халқының, орыс мемлекетінің, Совет мемлекетінің тарихы. Ол — сұрапыл күрестердің, қайыспас қаһармандықтардың тарихы.

Москва Кремліне жәйдің орындай тиген катал жаудың бір Батихан болды. Ол 1238 жылы Кремльді бөрене қорғанымен өртеп жіберді. Еңбек сүйгіш ер орыс халқы күлі көкке ұшқан Кремльдің орнына тұс-тұстан балтасын, арасын, көрігін сүйреп ағылып келіп жатты. Ұзақ жылға созылған қалпына келтіру жұмысы 1263 жылы аяқталды. Ол Москва князьдігінің орталығына айналды.

Александр Невскийдің немересі князь Калитаның 1325 жылы Москва князьдігінің тағына отыруы орыс мемлекетін күшейте түсті. Ол Алтын Орда хандарына қымбатты сыйлықтар берумен айтқанына көндіріп алды да, елге тыныштық орнатты. Осыдан былай XIV ғасырдың орта шенінде Москва байып өсе береді. Москваның ағаш шеберлері Кремльдің емен қабырғасын тұрғызса, Псков шеберлері Успенский, Архангельский, Спасский соборларын салады. Москваға қару жасаушы, темір құюшы шеберлер, зер-



Конырау-патша.

герлер пайда бола бастайды. Кремльдің іші-тысында жұмыс дүкені қызады. Қала думанды орталыққа айналады.

Амал не, халықтың еңбегі зия кетеді. 1365 жылы қатты қуаңшылық болудан Москвада үлкен өрт шығады. Өртте Кремльдің емен қабырғасы тағы жапып кетеді. Осыдан кейін барып Кремльдің қорғаны кеңейтіліп тұңғыш рет тастан салынады. 1368 және 1370 жылдары Кремльге шабуыл жасаған литван князі Ольгерд оның ішіне кіре алмайды. Олар екі рет Кремльді басып кіруге тырысады, тас қорғандағылар алғызбайды. Жау Кремльдің маңындағы үйлерді, құрылыстарды өртейді, сонда да ештеңе шығара алмайды. Литван князі Ольгерд Москва Кремлін бас идіре алмаған соң өз еліне тайып отырады. Москва Кремлінің өртке жанбас, жауға бас имес берік дәстүрі, міне, осыдан басталады.

Бұдан кейін де Москваға, Кремльге шабуыл жасаушы бөгде жаулар көп болды. Орыс халқы князь Дмитрий Донскойдың басшылығымен Куликов даласында Мамайды талқандағаннан кейін екі жылдан соң Токтамыс хан Кремльді басып алу соғысына шығады.

Кремль даласында Мамайдың жеңіліп қалуы Токтамысқа сабақ болды. Ол ұрыс әдісін өзгертіп қулығын асырмақ, неғұрлым бұқпантайлап жетіп, абайсызда соқпақ болды.

Токтамыстың келе жатқанын есітіп Дмитрий Донской Переяславльға, Костромаға жасақ жыйнауға аттанады. Өйткені Куликов даласындағы шайқастан кейін орыс полктары азайып қалған еді. Токтамыстың келуін есіткен боярлар үрейленіп қаладан қашып шығуға бой ұрды. Москва енді қорғансыз қалғандай да болды.

Жоқ, олай болмады. Москваны қорғауды қарапайым халық өз қолына алады: Олар Кремль қақпаларына күзет қояды да, Кремльдің маңындағы өздерінің үйлерін өртеп жібереді. Өртеудің себебі, бұл үйлер жаудың Кремльге шабуыл жасауына пана болатын еді.

Токтамыс үш күн бойы Кремльге өршелене ұмтылады. Оның қабырғасына татарлар сатымен де көтеріледі. Орыстар олардың төбесінен қайнаған су құйып күйдіреді, тас атқылайды. Москва Кремлінің қабырғасынан орыс зеңбірегінің даусы тұңғыш рет осы жолы шығады.

Барлық шабуыл тойтарылды. Москва Кремлі мойымады.

Тоқтамыс енді қулыққа кетеді. Қоршаудағы москвалықтарға ханның князьдерін, татарлар жағына шығып кеткен Нижегородтың екі князін ертіп келіп:

— Ханның қаһарын төккені сіздер емес, князь Дмитрий. Ханға Кремльді көрсетіп сыйласандар, ол да сіздермен бітімге келіп сый, құрмет көрсетеді,— дейді.

Нижегородтың сатылған князьдері бұлардың айтып тұрғаны шын деп ыспаттайды.

Осыған сеніп қалған бұқара Тоқтамысқа Кремльдің қақпасын ашып қоя береді. Опасыз хан Кремльге кіріп алып халықты қырады, мұраларға ойран салады. Тек тас қорған тырп етпестен тұра береді.


Дмитрий Донской Костромада қол жыйнап Москваға келейін деп жатыр деген хабар жетеді Тоқтамысқа. Мұны ести сала зәресі ұшқан зәлім хан Москвадан зытып шығады.

Алтын Орданың ханы Едіге де 1408 жылы Москваға шабуыл жасайды. Ол да қаланы қанша бүлдіргенімен Кремльге басын сұға алмай кетеді.

Жылдан жыл өткен сайын орыс князьдіктері бірінен кейін бірі Москва маңына топтала түседі. Сонымен Москваның ұлы князі Иван III өзін 1472 жылы бүкіл орыстың патшасы деп жариялады. Ол осы күннен бастап Москва Алтын Орда хандығына бас имейді деп жариялады. Алтын Орда хандығы соғыспақ болып қол жыйып Үгре өзенінің жағасына келеді. Оған қарсы, өзеннің екінші жағасынан, орыс әскері жыйналады. Екі жақтың әскері андысып өзен бойында бірнеше ай тұрады. Орыс әскерінің орасан көптігін көрген хан жеңілерін біліп еліне қайтады.

Екі жүз елу жылға созылған монғол-татар басқыншылығы 1480 жылы осымен аяқталды. Москваның, Кремльдің бас имес беріктігі дүние жүзіне әйгілене түсті. Кремль орыс мемлекетін құруға, нығайтуға ғасырлар бойы баға жетпес еңбек сіңірумен келді.

Әлденеше жүз жылдар өткеннен кейін Москваға тағы да қатер төнді. 1812 жылы 24 июннің түнінде орыс шекарасындағы Неман өзенін Наполеонның армиясы алты жерден кесіп өтеді. Наполеонның армиясында француздар, пруссактар, саксондар, вестфальттер, баварлар, голландықтар, итальяндар, португальдықтар, қысқасы, Европаның бәрінің адамдары болды. Оның 439 мың солдатты, 1200 зеңбірегі, 10 мың азық-түлік артқан көлігі бар-ды.



Зеңбірек-патша.

«Бүкіл Европа менімен келе жатыр»,— деп масайрады Наполеон.

Қарулы көп әскермен Наполеон қырып, жойып Москваға жақындайды. Ыза кернеген халық өлсе де Москваны бермеуге бел буады. Бірақ қорқақ дворяндар мен бай купецтер ептеп қаладан жылыса бастайды. Кейбіреулер Москваны қорғауға бекінген бұқарадан қорқып, зиялше киініп кетіп жатты.

Орыстың бас командашысы генерал Барклай де Толли, әскерін топтай алмай, шегінумен болды. Осы қатерлі сағатта орыс халқының жаралы жүрегі дарынды қолбасы фельдмаршал Михаил Илларионович Голенищев — Кутузовтан демеу күтті. Император Александр I қаншама жек көрсе де, амалсыз, халықтың тегеурінімен Кутузовты орыс армиясының бас командасы етіп тағайындады.

Фельдмаршал Кутузовты армияға аттандырғанда патша қабағын шытып: «Жұрт оны белгілеуді тілеген соң мен оны белгіледім...» — деді. Орыс солдаттары сүйікті қолбасы Кутузовты құшақ ұра қарсы алды.

Кутузов император Наполеонмен Москва түбіндегі Бородино селосында шайқасады. Таңсәріде басталған ұрыс кешке, түнге дейін созылады. Аядай соғыс шептері қырқысқан қан төкті ұрыстарда ондаған рет қолдан қолға өтеді. Көп адам қырылады, көп қару қыйрайды. Қаншама ауыр шығындаса да, қаншама ауыр жарақаттанса да орыстар берілу дегенді білмейді, қасарыса береді.

Бұл күнгі ұрыста Наполеонның 130 мың адамының 58 мыңы қырылады, оның ішінде өлген және қатты жараланған генералдар саны 47. Орыс армиясынан өлгендер мен жараланғандар — 30 мың адам:

Көреген қолбасы Кутузов Бородино ұрысынан кейін Наполеонды бір жола талқандауға күшті мықтап жыйнау үшін Москвадан да әрі өтеді. Москваны сақтап қалу үшін жауды Москваға кіргізіп құртуға керек дейді ол.

Кутузовтың ойын білген халық енді сырылып шығып, Москваны есіз қалдырды.

1812 жылы 13 сентябрьде ертемен Наполеон маршалдарын ертіп Москвадағы Поклонная тауына көтеріледі. Оның алдында баяғыдан бергі арманы — алтын күмбезді шіркеулері, мұнаралы Кремлі, саялы бау-бақшасы бар қарт Москва жатыр. Бұл — Венеция мен Берлинді, Варшава мен Вены, Рим мен Амстердамды, Лиссабон мен Александрияны бас идіріп келіп тұрған император. Ол осылайша «төрге» шыққанда, бас иген халық оған қаланың кілтін әкеліп тапсыратын. Міне, ол қазірде де соны күтіп тұр.

Жоқ! Ешкім кілт тапсырмады. Наполеон күтіп-күтіп болмаған соң таудан түсіп, Кремльге барды. Тірі жан жоқ. Тұс-тұстан өрт басталды. Кремльден де өрт шықты. Өрт құшағында қалған Москвада тұра алмай Наполеон әскерімен қашып шықты. Кремль бұл жолы да бас имеді.

1941—45 жылы Ұлы Отан соғысында да неміс фашистері Москваға кіре алмай, ақыры талқан болды.


Дүниежүзілік аренаға шыққан Москваға қабырғасы ескі, тозған Кремль тар келді. Князь Дмитрий Донскойдың тұсында Кремльді кеңейтіп жөндеуге ұйғарылды. 1479 жылы Успенский соборы Владимирскийдегі собордың үлгісімен қайта салынды, бұдан көп ұзамай-ақ бес күмбезді Благовещенский соборын бітіреді. Осылардан кейін барып Кремльдің жаңа қабырғасы — берік қамал қалана бастайды.

Орыстың тас қашаушылары 1487 жылы Беклемишев мұнарасын, бір жылдан соң Сваблова мұнарасын салды. Бұдан екі жыл өткен соң Боровицкая мұнарасы, ал 1491 жылы Никольская, Спасская мұнаралары көтерілді. Осылардың ізінше орыс шеберлері Кремльдің ішінен патшалар тұратын Сарай мен Грановит палатасын (1491) салған. Грановит палатасында патша салтанатпен елшілерді қабылдайтын, маңызды мемлекеттік кеңестер өткізетін.

Кремльдің ішінде сәулетті сарайлар, күмбезді соборлар, аспандаған мұнаралар көп. Ол бір жатқан үлкен қала. Нешеме жүз жылдар бойы жаңарып, көркейіп ұлғаюмен келген Кремльдің сарайларын, олардың ішіндегі тарихи мұраларды тегіс баяндау өте қыйын. Ол — таусылмас шежіре.

Кремльге келген балалардың бір дуылдаса жыйналатын орны бар. Ол — зеңбірек-патша мен қоңырау-патшаның тұрған жері.

Бұдан 369 жыл бұрын құйылған зеңбірек-патша орыс қаруының күштілігін бейне-



Лениннің Кремльдегі кабинеті.

лөйді. Оның калибрі 89 сантиметр. Мұндай дәу зенбірек ол кезде дүние жүзінің басқа бір де бір жерінде болмаған. Оны құйған орыстың қару жасаушы шебері Андрей Чохов.

Дүние жүзіндегі ең үлкен қоңырау Москвада, Кремльде. Ол қоңырау — патша деп аталады. Оның салмағы он екі мың пұттан да асады.


Бұл қоңыраудың құйылуының тарихы бар. Үлкен қоңырау құйдыру үшін Борис Годунов патша Австриядан шеберлер шақыртады. Сөйтсе, шетелден келген шеберлер ондай үлкен қоңырауды құюға бес жыл керек болады дейді. Мұны есітіп тұрған бір қарапайым орыс шебері қоңырауды мен бір ақ жылда құйып шығарамын деп уәде береді. Шебер берген уәдесін бір жыл емес, онан да ерте орындайды.

Қарапайым адамның құйып кеткен сегіз мың пұт қоңырауын мұнараға көтеруге ешкімнің батылы бармайды, сонымен ол құйған жерінде он төрт жыл жатып қалады. Ақыры қоңырауды орыстың бір қарапайым шаруасы шұқырдан алып, Ұлы Иванның қоңырау мұнарасына көтеріп орнатқан екен. 1701 жылы Москвада өрт болды. Өртте қоңырау жерге құлап түсті. Орыстың атақты шеберлері — әкелі, балалы Маториндер — оның салмағын жыйырма мың пұттан асыра қайтадан құйған.

Дүние жүзіндегі ең зор бұл қоңырау, бұрынғы заманғы орыс шеберлерінің ескерткіш мұрасы ретінде, қазір Кремльде сақталады.

Кремльде адамзаттың данасы кемеңгер Ленин Совет үкіметін басқарды. Ол кісінің кабинеті тым жұпыны. Мұнда басы артық — сәнге тұрған түк жоқ. Бөлменің қабырғасы толған кітап. Владимир Ильич Лениннің зор өмірінің көп сағаттары — мемлекеттік істерді ой таразысына салу, кемеңгер болжаулар жасау, ғылыми талдаулар жасау сағаттары осында өткен. Ленин Совет мемлекетінің көптеген тарихи заңдарына осы столда отырып қол қойған. Мынау календарға Ленин өз қолымен кезекті істерді жазып қойған.

Мұнда, Ленинге халық өкілдері: заводтан жұмысшылар, азамат соғысы майданынан қызыләскерлер, шаруалардың Кремльдегі Ленинге жіберген жаяу хабаршылары келетін. Ленин осында отырып өзінің жақын серіктері, Коммунистер партиясы Орталық Ко-



Пейзаж.

Суретті салған К. Ұзақбаев.  
Талдықорған облысы, 28 гвардияшылар ауданы,  
«Ворошилов» колхозы.

митетінің мүшелерімен кеңесетін, солармен бірлесе отырып Отанымыздың мемлекеттік ең маңызды мәселелерін шешетін. Лениннің ойы, Лениннің ісі әрбір совет адамының жүрегінде. Лениннің айтып кеткен өсиеттерінің бәрін даңқты Коммунист партиясы, оның Орталық Комитеті жүзеге асырып келеді.

Лениннің серігі И. В. Сталин Совет өкіметін осы Кремльде отырып басқарды. Совет өкіметінің жоғарғы мемлекеттік органдары 1918 жылы Кремльге келді. Қазір ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы, ССРО Министрлер Советі, СОКП Орталық Комитетінің Президиумы осында. ССРО Жоғарғы Советінің сессиялары, Совет Одағы Коммунист партиясының съездері, маңызды кеңестер, мәжілістер Кремльдің Үлкен Сарайында өткізіледі.

Біздің замандағы ұлы өзгерістер арқасында Москва саяси озат ойдың дүниежүзілік орталығына, дүниедегі ең әдемі, ең үлкен қалаға, ғылымы, техникасы, мәдениеті емін-еркін өркендеген қалаға, ал, Кремль халықтар бостандығы мен тәуелсіздігінің, бейбітшілік пен ынтымақтың ұйтқысына айналды.

*М. Нұртазин.*

Москва.



## Шешен



Ә. Нұршаилов.

Күлдіргі әңгіме ✓

Менің бала күнімнен-ақ бір жақ шекем сопақ, тісім сирек, аяқтарым қыйсық еді. Сондықтан да кейбір балалар мені кемітерге келгенде «Қыйсық бас», «Кетік-кетік көкшебай...», «Қамыт аяқ» деп мазақтайтын.

Үлкейе келе ұстарамен алдырмай, шетін қайшымен қырықтырып қоя берген ұзын шашым шекемнің сопақтығын, мәліскеннен тігілген тар балақты қысқа шалбарым аяғымның қыйсықтығын білдірмей, «түзетіп» жіберді. Ал, тісімнің сиректігіне келетін болсақ, ол бойыма мін болудан қалып, тіпті кейіннен менің мақтанышыма айналып кетті. Ол былай болды.

Мен кішкентай кезімнен-ақ өлеңге әуес едім. Алғашында естіген өлеңдерімді жаттап айтып жүріп, артынан сол жаттама өлеңдеріме ұқсас етіп, өзім де өлең құрастыра бастадым. Ең алғашқы бір өлеңді қалай шығарғаным әлі күнге дейін есімде.

Ол кездегі мен білетін өлеңдердің бірі былай басталатын еді:

Қолыма ұстағаным күміс қалам,  
Көңілім ойлай-ойлай болды алаң...

Әрине, мен ол өлеңнің шеңберінде қалып қойғаным жоқ, одан әлде қайда асырып жібердім. Мен былай деп жаздым:

Қолыма ұстағаным темір қалам.  
Көңілім әдебиетке болар алаң.  
Өлеңді бұрқыратып жаза берсем,  
СССР-ға керекті бір ақын болам.

Бір жазда, өзеннің ар жағындағы көрші селодан почта әкелуге бара жатқанымда, астық тиеген арбасы суға отырып қалған ұзын бойлы, селдір сақал, кара шұбар қарияға кездестім. Оған болысып, арбасын шығарысып беріп, енді кетіп бара жатқанымда қария артымнан айғай салды.

— Әй балам, тоқтап аты-жөніңді айта кет,— деді ол маған.— Тілеуіңді бергір өзін бір көргенді бала екенсің.

Мен бұрылып, ыржыя күліп қарияның қасына келдім. Өзімнің мына тұрған «Ақбұзау» колхозындағы Нұржан дегеннің баласы екенімді, атымның Әділхан екенін айттым.

— Балам, шешен болады екенсің,— деді қария жөн айтып тұрған менің жүзімнен көзін айырмай. Соны айтты да ол бетін өзеннің арғы жағындағы біздің ауыл жаққа қарай бұрды. Маған қарияның орақ мұрнының екі жағында тереңде жатқан шүңірек шегір көздері әлдебір қыранның алысты шолым тұрғанындай болып көрінді.

— Оны қайдан білдіңіз, ата? — дедім.

— Әдетте, тісі сирек адам суырылған шешен болмақ,— деді қария селдір сақалы сәл желкілдеп, басын тік ұстап, көзін алысқа қадаған күйі.— Біздің елде Малта деген шешен болды, сенің ауылыңнан Елеуке шықты. Тілі сүрінбейтін, тынысы тарылмайтын шешендікке не жетсін шіркін!.. Жолың болсын!

Ішім бірден жылып кетті. Қарияның «жолың болсын» деген соңғы сөзі мені шешендік жолына шығарып салған батадай болып көрінді. Жылы жүзді, шүңірек көзін алысқа қадай, басын тік ұстап, селдір сақалы желкілдей сөйлеп тұрған ұзын бойлы қария менің есімде көп жыл бойы сақталып қалды.

Одан кейін де мен көп өлеңдер шығардым. Өлең кітаптар күндіз менің қолымнан түспейтін, түнде жастығымның астынан кетпейтін болды. Қария шешен болады екенсің деді. Тек ақын кісі ғана шешен болуы керек. Ендеше мен ақын болуға тиістімін деп есептедім. Сонан кейін үсті-үстіне төлеп аудандық, облыстық, республикалық газеттерге өлеңдерімді жібере бердім. Газет қызметкерлерінің кейде жұқалап, кейде тікелеп менен ақындық шықпайтынын айтып жазған хаттарына көңіл де бөлмедім.

Кейде, оңашалау кезде қалтамдағы кішкентай айнамы алып жіберіп (бұл айнамы

қариямен кездескен жолы селолық магазиннен сатып алған болатынмын), оны екі езуім кере ашылған аузымның тұсына тосамын да, қыйқы-жыйқы, жіңішке де сойдақ өскен сирек тістерімді қараймын. Ол кезде менің ақын болатындығыма ешбір шүбәм болмайды. Содан кейін маған Алматыдағы барлық ақындардың тістері өзімдікі сыяқты сирек болып елестейді. Осы кезде басыма «Бәлкім, менің тістерім олардікінің бәрінен де сирек шығар» деген ой келеді де, әлденеден үміт еткендей көзім күліп, еріндерім дірілдеп, жүрегім өрекіп кетеді...

Өткен жылы өзіміздің ауданда онжылдық мектеп бітіріп, Алматыдағы жоғары оқу орындарының біріне келдім. Мақсатым ақын болу болғандықтан арызды филология факультетіне бердім.

Менің көп оқып, көп дайындалғаным да әдебиет пәні еді. Ақын болатын кісіге басқаны білудің қажеті не?.. Бірақ менің бұл жайымды емтихан комиссиясындағылар түсінбеді. Басқа екі пәннен сүрінгенім үшін әдебиет бөліміне алынбай қалдым. Әйтеуір қойшы, басқа факультеттерге түсе алмай қалған өзім сыяқтылармен бірге қайта емтихан тапсырып, ес кетті, жан шықты дегенде журналистика бөліміне іліндім...

Елдегілерден ең алдымен өзімді көп оқытқан қарт мұғалімім мен қарт әкем есіме түсті.

— Әділхан, — деген еді мұғалімім, — жақсы шәкіртім болып едің, енді жақсы азамат бол. Сен ауылшаруашылық институтына түс. Қазір ауыл шаруашылығына көптеген мамандар керек...

— Он класс бітірдің, жетеді, үйде қал, — деген еді әкем. — Мен болсам қартайдым. Колхоздың қыруар қойы бар алдымда. Осыған енді сен ие бол. Немесе МТС-тың бір машинасына мін. Әкенің көңілі балада, баланың көңілі далада дегендей, бәрің бірдей оқу бітіріп алып, күзде қайтқан қаздай тізіліп алысқа тартасындар.. Жоқ, ешқайда барма, сендей сирек тістер ауылға да керек...

Бірақ әкем өзінің соңғы сөзінің маған қамшы боларын білген жоқ. Әке аузынан шыққан «сирек тіс» деген бұл екі сөз мені енесінің дүбірін естіп ойнақтай жөнелетін жас құлындай желіктіріп жіберді. Көз алдыма өзен жағасындағы қария елестеді. Мен мектепте шығарған барлық өлеңімді алып, Алматы қайдасың деп тартып отырдым.

Оқу басталды...

Бір күні біздің факультетке бір топ ақын, жазушылар келіп, өздерінің шығармаларын оқыды. Неге екінің білмеймін, менің назарым олардың өлеңдерінде емес, тістерінде болып отырды. Бір ғажабы менікі сыяқты арасынан ел көшкендей сирек тісті олардың ешқайсысының аузынан таппадым. Көпшілігінікі жиі біткен, әдемі қой тістер. Тек бір ғана ақынның күрек тісі кетік екен.

«Дәуде болса бұлардың ең мықтысы осы кетік тіс ақын болар» деп ойладым ішімнен. Сондықтан ең алдымен соның жыйнақтарын оқып шығуға құмарттым.

Жексембі күндері жатақхана кітапханасында да адам көп болады. Өйткені қалалық кітапхана мен көпшілік кітапханасынан бұл күндері жұрттың бәріне бірдей орын тімейді.

Менің бұл күнгі айналдырғаным кетік ақынның өлеңдері еді. Оның кейін шыққандарын да оқыдым, ертеректегілеріне де көз жібердім. Бірақ бұрынғысынан да, соңғысынан да ешбір мықтылық көре алмадым. Ақыры оларды кітапханашыға тапсырып тұр едім, оның алдында жатқан «Работница» журналының бір номеріне көзім түсе кетті. Түскі асқа дейін едәуір уақытым болғандықтан, журналды қарай тұруға ұйғардым.

Журналды орта тұсынан қалай болса солай аша салып, «дәрігерлік кеңес» деген рубрика астында берілген әлде бір мақаланы ермек үшін оқып бастадым.

Мақаланың орта тұсына келгенде негімді ұстара тіліп кеткендей маңдайымнан тер бұрқ ете түсті. Онда жасында рахитпен ауырып, мешел болып өскен баланың басы үлкен, тістері сирек, аяқтары жіңішке, қыйсық болады делініпті.

Мәссаған керек болса!..

Біреу көріп тұрған жоқ па екен дегендей жан-жағыма жалтақтай қарап, журнал бетін жаптым да, тасалау жерге ысырып тастап, кітапханадан шыға жөнелдім.

... Ұялмаған өлеңші болады дейді жұрт. Менің ұялмай өлеңші болғым келмеді: ар жағында текпінді күш жоғын аңғардым да, өзіме тежеу салдым. Оныма өкінбеймін де, бәрі бір менен жақсы ақын шықпайтын еді. Балалық шағымызда пайда болатын өлеңге деген лап берме құмарлық пен әуесқойлықтың бәрі бірдей бойға біткен дарын еместігіне көзім осылай жетті.

Менің шешендік тарихым осы, достым.

Тағы бір жаңалық айтайын: мен быйыл басқа институтқа ауыстым.

# БІЛІМ БҰЛАҒЫ

Совет өкіметі тұсында қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті мейлінше дамып өсті. Қазір ұлт республикаларының халықтары өзінің ана тілінде марксизм-ленинизм классиктерінің, Пушкиннің, Гогольдің, Салтыков-Щедрин, Толстойдың, Чеховтың, Горькийдің, Маяковскийдің және дүние жүзі әдебиетінің көрнекті жазушыларының шығармаларын оқиды.

Біздің республикамызда Совет өкіметі тұсында жеті мыңнан астам кітапхана, мыңдаған оқу үйлері, клубтар мен қызыл отаулар ашылды. Олардың кітап қорында миллиондаған кітаптар бар. 1913 жылы бүкіл Қазақстанда не бәрі 149 кітапхана мен клуб болған еді. Ал, қазақ ауылында кітапхана атымен болған жоқ. Тіпті қазақ тілінде кітап басып шығаратын типография да болған емес. Ал, қазіргі жағдай тіптен басқаша. Тек быйылғы 1955 жылдың өзінде ғана Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің жоспары бойынша 700 селолық кітапхана үкімет қаржысымен, 300 кітапхана колхоз, совхоз қаржысымен ашылуға тиісті.

Бұдан 24 жыл бұрын (1931 жыл), қазақ халқының алғашқы ұлттық кітапханасы ашылды.

А. С. Пушкин атындағы мемлекеттік кітапхана — қазір республикамыздағы нағыз білім қазнасының бір орталығы болып отыр. Мұнда осы күні 1 миллион 900 мыңға жуық өте қымбат, әр тілде жазылған кітаптар бар. Бұл әдебиеттің ішінде ССРО халқының 61 ұлты тілінде және 25 шет ел тілдерінде басылып шыққан бағалы ғылыми кітаптарды кездестіресіз. Егерде осыншама көп кітапты жыйнайтын полканың ұзындығын жер қашықтығымен есептейтін болсақ, онда полканың ұзындығы 50 километрден асар еді. Кітапхананың кітап қоры өзінің мазмұны жағынан өте бай және неше алуан. Тек тарих, этнография, дүние жүзілік көркем әдебиет, Қазақстанның табиғи байлығы және экономикасы жөнінде мыңдаған кітаптар ұшырайды.



«Игорь жорығы туралы сөздің» ескі баспасы.

Кітапхананың сирек кездесетін кітаптар сақталатын бөлімінде 8 мыңнан аса XVI ғасырдан бастап осы күнге дейінгі ғылыми тұрғыдан аса бағалы және сирек кездесетін кітаптар бар. Бұл кітаптарды әр айда мыңдаған кісі оқиды. Өте сирек кездесетін материалдардың ішінде журнал, газет, түрлі картиналар, картографиялық материалдар және ерте заманғы полиграфиялық техниканы көрсететін алуан түрлі кітаптар бар. Бұған қосымша осы бөлімде 600-дей қолжазбалар сақталған. Олардың ішінде литографияда басылған және қолжазбалар: қазақ, орыс, шағатай, ұйғыр, ертедегі өзбек тілі, араб, парсы, түрк, иран, корей, словян, латын және барлық батыс еуропа халықтары тілінде басылып шыққан кітаптар кездеседі. Бұлармен қатар, революциядан бұрын аз данамен басылып және патша өкіметі халықтың оқуына тыйым салған марксизм-ленинизм классиктерінің және атақты ғалымдар мен жазушылардың кітаптары сақталған. Сирек кездесетін кітаптардың ішінде К. Маркстің «Л. Кугельманға хат» деген кітабы, (бұл кітаптың кіріспесін И. Ленин жазған. Кітап 1907 жылы «Новая Дума» кітап баспасында басылған.), 1879 жылы бірінші рет орыс тіліне аударылып шыққан К. Маркстің «Капиталы», Ф. Энгельстің тірі кезінде 1894 жылы Штутгартте басылып шыққан «Анти Дюринг» атты кітабы, Ленин мен Сталиннің (Ильин ВЛ., Ильин Владимир. К. Тулин және К. Сталин деген псевдониммен басылып шыққан) кітаптары сақтаулы.


Кітапханада Петрден бұрынғы дәуірде, Петр дәуірінде және Екатерина дәуірінде шыққан кітаптар жыйнағы, Новиковтың Москвадағы баспаханасы шығарған кітаптардың коллекциясы, Герценнің шетелдегі орыс баспаханасында басылған бірсыпыра шығармасы, сол сыяқты Державиннің, Ломоносовтың, Радищевтің, Крыловтың, Пушкиннің, Лермонтовтың, Гогольдің, Салтыков-Щедриннің шығармалары сақтаулы.

Тарих жөніндегі кітаптардың ішінде 1812 жылғы Отан соғысы туралы орыс тілінде шыққан шежіре мен коллекциялар өте бағалы.

Кітапханада Қазақстанды және қазақ халқының тарихын зерттеуге дерек болатын тамаша кітаптар бар. Мысалы, И. П. Рычковтың «Оренбург тарихы» 1759 жылы, «Оренбург губерниясының топографиясы» 1762 жылы, «Саякатшы капитан Николай Рычковтың киргиз-қайсақ даласындағы жазу дәптері» 1771 жылы басылған. Автор бұл еңбектерінде царизмнің Орта Азиядағы отаршылдық саясатын көрсететін көп документтер мен материалдар келтірген. Қазақстан әдебиетшілері мен тарихшыларын өте бағалы санайтын кітаптары А. И. Левшиннің «Описание Киргиз-Казачьих и киргиз-кайсацких Орд и степей» үш том, 1882 жылы, Л. Мейр «Киргизская степь Оренбургского ведомства. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами ген. штаба» 1865 жылы шыққан.

И. И. Крафтың «Из Киргизской Старины» 1905 жыл, «Сборник узаконений о киргизских степных областях» 1898 жылы шыққан. Пржевальскийдің, Паутусовтың, солармен қатар, Шоқан Уалихановтың, Ыбрай Алтынсаринның, Абай Құнанбаевтың, Спандияр Көбеевтің, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Сәбит Дөнентаевтың т. б. қазақ халқының атақты ұлдарының еңбектері жыйнақталуда.





Пржевальскийдің Верный кітапханасында қалдырған қолжазбасы.

Кітапхана қорында XVIII ғасырдың аяқ кезінде және XIX ғасырдың бас кезінде шығарылған газеттер мен журналдар бар, оның ішінде Герцен шығарған «Колокол» журналы (1858—1860), большевиктердің тұңғыш жарыя газеттері «Новая жизнь» және «Волна» (1905—1906) бар, бұл газеттер В. И. Ленин мен А. М. Горькийдің қатынасуымен Петербургте шыққан. Ол кездегі газет-журналдардың көпшілік даналары царизм полициясының отына жанып кетті. Қазір олар сирек кездесетін материалдар қорына жағтады.

Ғалымдар мен ғылыми қызметкерлерге ерекше құнды материалдар кітапханада сақталып келе жатқан қолжазба болып есептеледі. 662 қолжазбаның ішінде 300 ден артығырақ қолжазба шығыс тілінде, олар XV, XVI, XVII ғасырлардан қалған мұра. Кітапханада шығыс поэзиясының классигі Фердаусидің «Шахнамэ» деген атақты шығармасының шағатай тіліндегі қолжазбасы бар, ол мұнан 120 жылдар бұрын жазылған. Қолжазба көлемі 1000 беттен артығырақ, өте жақсы өрнектелген және қолжазбаның жақсы сақталғаны сондай қазірдің өзінде қағаздары жапжаңа. Бұлармен қатар, дүние жүзіне белгілі шығыс ғалымы Ибн-Синаның (Авиценна) шығармалары бар. Бұл кітап шығыста да және батыс елдерінде де X, XI, XII, XIII ғасырда бірнеше рет қайталанып басылған (Әсіресе, арап және латын тілінде). Біздің кітапханамызда бұл кітаптың персия тілінде аударылған данасы бар. Ол 1899 жылы Тегеран қаласында басылған.

Кітапхана оқушыларының өте қызығып оқыйтын кітаптарының бірі — Николай Михайлович Пржевальскийдің кітаптары. Николай Михайлович өз кітабын Верный кітапханасына жазып берген. Ол Қазақстанда, әсіресе, Алматы (бұрын Верный) қаласында Семейге жүріп бара жатқан жолында талай рет болған. Атақты саяқатшы 1881 жылы Қытай мен Тибетке барған үшінші саяқатында Верный қаласында 5 күн болған. Осы бес күн ішінде ол өзінің Орта Азияны зерттеу қортындылары туралы бірінші лекциясын Алматы қаласында оқыған. Николай Михайлович ең соңғы рет 1888 жылы тағы да Алматыда болған. Оның керуендеріне жол көрсетіп, елсіз-сусыз жерлерде алып жүрген адам — қазақ болатын. Ол Мырзаш Абдиаров деген кісі еді. Абдиаров — 1877—1879 жылдары Қытайға жасаған саяқатты бастаған адам. Пржевальский өзінің кітабында, ол кісі туралы өте жақсы жазады, оның портретін де кітапқа бастырған.

Біздің кітапханаға сыйға тартқан кітабына Н. М. Пржевальский өз қолымен «В библиотеку г. Верного от автора 15 августа 1888 г. С. — Петербург» деп жазған.

Кітапхана қорында басқа авторлардың да берген кітаптары көп. Әсіресе, өзіміздің совет авторларының ішінде Сәбит Мұқановтың «Ботагөз» романының алғашқы даналары, Мұхтар Әуезовтың т. б. жазушылардың кітаптары да бар.


Балалар, сендерді бақытты болашақ күтіп тұр. Әлі-ақ сендер Отан тарихын зерттеп, талай құнды еңбек жазасыздар. Ол мақсатқа жету үшін осы кітапханаға да талай келетінің сөзсіз. Өйткені, мұнда сонау 15, 16 және 17 ғасырлардың қолжазбалары, шежірелері сіздерді күтіп жатыр.

Қазір кітапханадағы кітаптарды оқушылар да, студенттер де, көрнекті ғалымдар да, комсомол, совет, партия қызметкерлері де пайдаланады. Кітап оқушылар саны жыл сайын көбеюде. Тек 1954 жылы 16500 тұрақты кітап оқушылар болды.

Жас достар, сендер оқыйтын, үлгі алатын кітаптар көп. Тек сол алтын қазнаны сүйе біліңдер. Кітапты сүйсең, оны оқуға ұдайы құмартасың, өз бойыңда жақсы қасиеттердің қалыптасуына, жиіркенішті істерінен мінез-құлықтан бойыңды аулақ ұстауға жетесің.

Білімге құмарту — біздің жастарға тән қасиет, ал білім көзі кітапта. Олай болса, кітапты сүй, оқы, ол — сенің өмірлік серігің!

*Е. Айтбаев.*



Ы. Алтынсарин хрестоматиясының мұқабасы.

## ҚҰРМАШТЫҢ ҚҰЛАҒЫ НЕГЕ АУЫРДЫ?



Жазғытұрғы шақ. Жаңа шыққан күн аспан күмбезін өрлеп, жоғарылаған сайын жер тоңы жібіп, жылы бу шалқый көтеріледі... Сталин атындағы колхоз селосының үстіндегі тұман лезде серпіліп, жарық сәулеге түріле жол береді. Көшелерден топ-тобымен шыққан балалар жаңадан салынған мектеп үйіне лек-легімен кіріп жатыр.

Көп баланың ең соңынан мектепке асықпай жеткен Құрмаш есік алдындағы ши сыпырғышпен аяғын сұртпестен ішке кіріп келді. Оның бір аяғындағы баттасқан саз кіре беріс сенекке түсіп қалды. Байыпсыз бала жер еденді баттай басып, өзі оқыйтын екінші класс есігіне жармасты. Ол табалдырық аттағанда екінші аяғындағы шәрке сыяқты саз ішкі босағаға түсті. Құрмаш мұны елең қылмастан келіп, ауыр сумкасын партасының қуысына сырғыта салды.

Кластағы санитарлық комиссияның председателі Әбішева Құрмашқа шытына қарады.

— Тағы да пальтонды шешпей келдің бе? Түу, құлағыңның кірін қарашы, өзін көмір түсіргеннен сауымысың.

— Ол өзі бір жерден жаңа шахта ашып жүрмесе, біздің Қорғалжында әзірге көмір тапшы еді ғой,— деп кекетті оны Тоқхожин.

— Таңғы салқынмен жаурап қалдым. Ал, құлақтың жайы басқаша. Бүгін өзі күңгірлеп ауырып жүргені, сондықтан мазаламап едім, кешіре салыңыз,— деді Құрмаш мүләйімсіп.

Бағира есік алдындағы сазды көріп, онан сайын ызаланды.

— Бәкешев деймін, шығар мынауыңды! — деп Құрмашқа тап-тап берді. Бірақ, қоржыйып отырған бала оған қозғала қойған жоқ. Балалар тұс-тұстан:

— Құрмаш, тез шығар, мұғалім келіп қалады.— деп шуылдасты.

Құрмаш амалсыздан орнынан тұрып, әлгі сазды далаға алып кетті. Сол кезде мұғалім Төлегенов кіріп, шәкірттерімен көңілді амадасты.

— Құрмаш қайда? — деп сұрады ол бос тұрған орынды көріп. Сол-ақ екен есік қағылды.

— Кір.

Құрмаш кіріп келді де, көзін жыпылықтатып тұра қалды. Бағира қол көтерді де, мұғалім ұлықсат дегендей ишарат еткенде, болған жағдайды айтып берді.

— Мұғалім ағай, ол үнемі осылай жүреді. Құлағын қараңызшы.

— Класта тазалық комиссиясы бар, — деді Төлегенов Бағираны тыңдап болғаннан кейін нақтылай сөйлеп,— Оның жұмысы балалардың тазалығын қарап, мұғалімге айтып отыру емес, таза жүрмейтіндерді тәртіпке шақыру. Мұны өздерің де білесіңдер. Сондықтан да, кластың тазалығына бүгін үш қоямын, оны жою өздеріңе байланысты. Жә, сабағымызды бастайық.

Бағира балаларға дағдара қарады да, отыра кетті. Бүгін балалар сабақта бір түрлі тынышталып отырды. Бағира ыза болғандықтан Құрмашқа «Біз жазғы демалыста Ащыкөлді зерттеу саякатына сені қатыстырмауды пионер вожатыйынан талап етеміз. Жетті бізді ұятқа қалдыруың» деп жазып бере қойды. Кінәлі бала қынжылып, күңгірлеп бара жатқан құлағын шұқый берді. Ол бұған іштей өкінді, өйткені үйірім-үйірім қамысты, балдырлы, қаздың, үйректің неше түрлерінің, құс көркі аққудың мекені болған Ащыкөлді аралауға ол да көптен ынтық еді.

Сабақ бітті. Коридорда жатқан қағаздарды тысырлата қағып балалар далаға шығып барады. Күнде осындай коқысты көргенде шыдай алмай, оны үзіліс сайын тазалауды ұйымдастырып жүретін Бағира енді Амантайды, Аманжолды шақырып алып, кластағы тазалықтың соңғы кезде мүлде

нашарлап кеткенін, Құрмаштың салақтығын, оның тазалық комиссиясының талай ескертуін тыңдамай, жылжытпалап жүргенін талқылап отыр.

— Мұғалім ағайдың «тазалық комиссиясының міндеті — балалардың тазалығын қарап қана қою емес, салақтарды үйрету» дегені бізді ойландыруға тиіс. Қалай, Құрмаш туралы тікелей советтің мәжлісіне қоямыз ба? — деп тоқтады Бағира екеуіне кезек қарап. Амантай бір тамаша іс ойлап тапқандай толғана сөйледі:

— Білесіндер ме? Біздің Құмкөл селолық советінің депутаттары сессия өткізерден бұрын өздері карайтын шаруашылық саласына барлау жүргізіп, егжей-тегжейін толық біліп алады. Сонан соң еркін, талқылай бер.

— Тапты, міне, көрегендік. Істі сабақ соңынан Құрмаштың үйіне барудан бастау керек, — деді Аманжол шыдамсызданып, — дереу барайық.

— Жок, біз оған таңертең ерте барамыз. Өйткені қай уақытта тұратынын, қалай жуынатынын көруіміз керек. — деп қорытты Бағира.

Қоңырау дауысы естілгенде, балалар кіріп, өз орындарына көңілді шуылмен отыра бастады. Бірақ Құрмаш көрінбеді. Балалар сәл тынышталып, мұғалімінің кіруін күткенде де оның орны бос тұрды.

— Сумкасы жок, кетіп қапты. — деді қарап шыққан Бағира. — Оның әдеті осы!..

— Оның құлағы ауырып кетті, — деді Дәмеш дейтін қыз нық сөйлеп.

— Біз көреміз оны қазір, — деп қызараңдады Амантай Дәмештің ара түскеніне ызаланып.

...Үш бала аяқтарын ұшынан басып, алғы бөлмеге кіргенде, төргі жақтан Құрмаштың еркелей ыңырсыған дауысы естілді.

— Ой, ай-ай. Мама, дүңгірлеп барады. Өзі тас болып бітіп қапты, ештеме ес-те-мей-и.

— Ол жылап жатыр, шын ауырады екен, — деді Бағира артындағыларға сыбырлап. Екеуі бастарын изеді. Құрмаш тағы аянышты ыңырсыды.

— Тым ыстық боп кетпесін. Естімеймін. Мама, ертең тәуір болсам ерте оят, көрсетейін мен оларға құлақ жуғанды. Ой-и, бродягамын ғой мен-н-н. — деп созғанда есікке жабысып тұрған балалар сықылықтап күліп жіберді.

— Жазғытұрғы суықта ылғи құлақшының түсірмей жүріп, жел ұстап қалған, —

деді Құрмаштың мамасы балалар үйге кіріп отырғаннан кейін етпетінен түсіп, құлағын аққұманға булап жатқан баласын нұсқап. — Шырағым, ана күпәйкені әперіп жіберші, мынаған жабайын.

Амантай зілдей ауыр фуфайканы қос қолдап көтеріп, екі ортада тұрған шай жабдығы жасаулы столды айналып өтейін деп еді. оған Жамал шешей лақтырып жібер дегендей, отырған бойы қол созды.

— Ал, ұстаңыз.

Фуфайка жалп етіп Құрмаштың басына түскенде, бұлауланып жатқан ол баж етіп ұшып түрегелді. Шекесі ыстық аққұманның ернеуіне тиіп, шыж етсе керек, үй ішін аралап, безектеп жүр.

— Ойбай-ай, күйдірді-ау мыналар ақырында, — деп тазалық комиссиясын жазғырып жүр. — Шығаршы, мама, мына Амантайларды.

Амантай сасқалақтап, Құрмаштың мамасына карады.

— Қап, мен байкамай калдым. Әйтпесе допты дәл-ақ түсіруші едім.

Құрмаш құлағын қаққылап, басын шайқап тұр еді. Оның жанына Бағира жетіп барды да, қарсыласқанына карамастан, құлағының ішіне үңіліп қарай бастады.

— Айтып едім ғой, мына карандар, құлағының ішіне күс тұрып қалыпты.

— Қойшы әрі түге, — деп таң калды Құрмаштың шешесі. Ол балалардың тілегі бойынша баласын басып отырып, құлағын аршыды. Құрмаш басын шайқап қалғанда, оң жақ құлағынан жүгері дәнінің үлкендігіндей қатқан күс домаланып түсе калды. Құрмаш ұялғаннан шиедей қызарып кетті, қасындағы балалардан көзін ала қашты.

— Енді ауыра ма құлағын?

— Әлі ауырады, — деп Құрмаш ыңғайсыздана жымыйды. — Сендер мені Ащыкөлге апармаймын дегенді қойыңдар. Міне, біздің класс ертең тазалықтан бес деген баға алады.

— Оған дейін әлі бір талай уақыт бар, — деді қолжуғышқа қарай кетіп бара жатқан Құрмашқа Бағира, — сынап көрерміз. Ал, сенің құлағыңның қалай ауырғаны жөнінде балаларға айтпай отыра алмаспыз. Өйткені біздің селода сен сыяқты тазалыққа салақ қарап жүрген балалар әлі де кездеседі...

*Айткен Диқанов.*

Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы,  
«Ащыкөл» бастауыш мектебі.

# ХАЛЫҢ ЮМОРЛАРЫ

Өзбек халқының күлдіргі аңгімелері

## «МЕН»

Бір кісінің үйіне жолдасы келіп, есігін тықылдатыпты.

— Кім? — деп сұранты үй иесі есік алдына келіп.

— Мен, — депті есік тықылдатқан кісі.

Сонда үй иесі:

— Менің «Мен» деген танысым жоқ, — деп, есікті ашпастан үйіне кіріп кетіпті.

## ТҮЗ

Рахимның шешесі тамақты тұз салмай пісіріп қойыпты да, кейін тұз сауытынан тұз алып салыпты.

Рахим тамақты татып көрсе, өте дәмсіз екен. Сонда шешесі:

— Тұз салып, араластырып іш, — депті.

Рахим азырақ тұз салған екен, тамаққа біраз дәм кіріпті. Және салыпты. Енді тамақ өте дәмді болып кетіпті. «Тұз тамақты дәмді етеді екен ғой, оны білмейді екенмін» — деп ойлапты да, тамағын одан да дәмді етпек болып тұз сауытындағы тұздың бәрін салып жіберіпті.

## МАҚТА ТЫҒЫЛАҒАН ҚҰЛАК



Бір әйел баласын шақырса, ол есітпепті. Әйел жақынырақ барып қараса, баласы бір құлағына мақта тығып алған екен.

— Неге бұлай еттің? — деп сұрапты.

— Сөзіңіз бір құлағымнан кіріп, екіншісінен шығып кетеді. Мақта тықсам, құлаққа кірген сөз шыға алмай, мыйға орнап қалады, — деп жауап беріпті.

## ЖӘРДЕМ

Бір күні класс жетекшісі:

— Балалар, үйде ата-аналарыңа көмектесіңдер ме? — деп сұрапты. Сонда Зәкір:

— Ия, апам тамақ істесе, мен жеп көмектесемін, — деп жауап беріпті.

## АЛМА

— Халима, егер екі алмаң болса, сен оны жеп қойсаң не қалар еді? — деп сұрапты шешесі.

— Алманы мен жесем, тұқымы қалады. Бірақ Кәрімге ұқсас қомағайлар жесе, тұқымы да қалмайды, — депті Халима.

## САҒАТ ІЗДЕУ

Тұрап кинодан келе жатса, қараңғыда бір кісі тіміскілеп бір нәрсе іздеп жүр екен.

— Ата, не іздеп жүрсіз? — деп сұрапты Тұрап.

— Сағатым қолымнан түсіп кетті. Соны іздеп жүрмін, балам, — депті.

— Олай болса, неге жарығырақ жерге барып іздемейсіз? — депті оған Тұрап.

## АУЫРҒАН ТІС

Бір кісінің тісі ауырады екен. Көп азап шеге берген соң ауру тістерін алдырып тастау үшін шаштаразыға барыпты. (Ілгері кездерде тісті, көбінесе, шаштаразылар суырады екен). Шаштаразы әлгі кісінің аузын ашып көріп, «күрт жеген» төрт тісін суырып алыпты. Содан соң қызмет ақысына — әрбір тісіне жыйырма тыйыннан — 80 тыйын сұрапты. Тіс алдырған кісі бір сом беріпті. Шаштаразы қалтасын қарманып қайтарып беруге жыйырма тыйын майда ақша таба алмапты.

Әлгі кісі «Өзім күйсем күйейін, бірақ ақшам күймесін» деп ойлап:

— Кел, майда болмаса, қалған жыйырма тыйынға тағы бір тісімді суыра сал, саған майда түскенше күтіп тұрамын ба? — депті.

Сонымен біреуде ақым кетпесін деп, сау тісін алдырып, көңілі жай тапқан екен.

## БАҒАНАДАҒЫ ЖАЗУ

Кәрім көшеде жүрсе де, қорада жүрсе де әр нәрсеге қызығып жүреді екен. Бір күні кешқұрым үйге келе жатып, бағанаға жапсырылған қараңғы көзі түседі.

Қараңғыда онда не жазылғанын ажырата алмайды.

Онда не жазылғанын білмейінше көңілі тыным таппай, кете алмайды, қызығады. Ақыры, бағанаға тырмысып шығып, сіріңке жағып қараса, қағазда «Абай бол, бағана боялған» — деп жазылған екен.



## ҚОРҚАҚ ҚОЯН

Бір қоян барлық нәрседен қорқа береді екен. Тіпті маса ызың етсе де жүрегі зу ете түседі екен. Ол дүниеде өзінен асқан қорқақ көрмепті.

Бір күні, не деріңіз бар, қоян сүйретіліп келе жатқан қоңызды көріп те есі шығыпты.

Қоянның қорқақтығы өзінің де жанына қатты батады. Сондықтан суға түсіп өлмекші болады.

Кейін бір көлшіктің жағасына келіп, суға кетпекші болыпты. Бірақ бұған да қорқақтық істеп, жүрегі дауаламайды. Сол кезде көл жиегінде тұрған бір құрбақа қояннан шошып кетіп, көлге секірді. — «Ия, — деп ойлапты қоян, — менен де қорқақтар бар екен ғой, мен болсам дүниедегі нағыз қорқақпын деп өзімді өзім өлтірмекші болғаным ағат екен» — депті, сөйтіп кейін қайтып, қоян тіршілік етіп кеткен екен.



## Жыл басы

— Сен күн аттарын білесің бе?  
 — Білемін: дүйсембі, сейсембі, сәрсембі, бейсембі, жұма, сембі, жексембі.  
 — Ал, ай аттарын ше?  
 — Оны да білемін: январь, февраль, март, апрель, май...  
 — Жә, мұны білесің. Енді, кәне, жыл аттарын атап берші.  
 — Жыл! Ата-ау, онда ат болмайды ғой. Тек қана қатар ретімен санайды ғой.  
 — Міне, сен мұны білмедің. Қазақта мұның да аты бар: тышқан, сыйыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз, — дейді. Осы аталған жылдарды тұтас алғанда бір мүшел деп атайды. Бір мүшелден соң екінші мүшел басталады. Сөйтіп ылғи қайталанып, тышқаннан басталып отырады.  
 — Неге тышқаннан басталады?  
 — А, бұл бір жатқан хикая.  
 — Я, ата, айтыңызшы.  
 — Жан-жануарлар бір күні ақылдасып, «Біріміз жылдың басы болайық», — депті. Бірақ «кім болады?» дегенге келсе, үлкен талас туады. Әрқайсысы өзінің артықшылығын, еңбегін алға тартады.  
 — Мен аң атаулының айбаттысымын, — депті барыс, — мені көрсе қорыққандарынан қасқыр, қарсақ ініне қарай безеді, аю ақырып, жылқы шыңғырып жібереді. Сондықтан жыл басы мен болуға тиіспін.

— Тиісе қалса не бір әулие айуан да, не бір азулы жыртқыш та менің зәрлі уымнан аман құтыла алмайды, сондықтан жыл басы мен болуға тиіспін, — депті жылан шыйыршық атып.

— Орталарыңдағы ең кішілерің, залалсыз момақандарың мен едім ғой, — депті қоян жалынып, — ағатайлар, осы мені жыл басы қойсаңыздаршы.

— Кім айтады, ең кішілерің мен емес пе едім, — деп ұлу да таласа кетіпті.

— Ал, мен адамның айнымас серігімін. Қызметшісімін, қорғайтын сақшысымын, сондықтан жыл басы мен болуға лайықпын, — депті ит.

— Сен адамға менен пайдалымысың? — деп шыға кепті тауық қыт-қыттап. — Менің уыздай ақ жұмыртқамды кім жемейді, ақ үрпек балапандарымды кім өсірмейді, сондықтан жыл басы мен болуға лайықпын.

— Сен де мақтанба, — депті сыйыр өзінің сүттілігін ескертіп, — адам ұйытатын айран-қатығын да, қайнататын ірімшігін, май-құртын да менің сүтімнен жасайды... Ендеше жыл басы болу маған лайықты.

— Айран-қатық, май-құртты айтып қайтесің. Ол мына менде де бар. — депті қой, — Адам үстіне киетін небір жылы киімін де, тұсына ұстайтын әсем алашасын да менің жүнімнен тоқыйды, төріне төсейтін небір теке-

мет, киіздерін де менің жүнімнен басады. Сондықтан жыл басы мен болуға лайықпын.

— Менің арқамда адамның бармайтын жері, баспайтын тауы жоқ, ішсе қымызымын, жексе көлігімін, шапса ердің қанатымын. Сондықтан жыл басы болу маған лайықты. — депті жылқы.

— Ау, адам үшін тоздырған табанды, адам үшін қажалған арқанды айтсаңдар, мені қайда қоясыңдар? — деп осы кезде түйе түрегеліпті. — Ғасырлар бойы құмды кешер кемесі боп, сар даланы шарламадым ба... Соның бәрін айта беріп қайтеміз. Бүйгіп бет-бетімізге таласа бердік бар ма, дауымыз жүз жылда да бітпейді. Одан да былай істейік: келе жатқан жаңа жылды аңдйық. Қайсымыз бұрын көрсек, сонымыз жыл басы бола салайық!

— Түйекең дұрыс айтады, түйекеңдікі дұрыс! — депті осы кезде тышқан, шөп арасынан жылт етіп шыға келіп.

— Тәйт әрі, саған не жоқ!

Дауды доғарып, бәрі де түйенің айтқанына келісіпті.

Түйе қулығымды асырдым деп ішінен күледі: «Бұлардың менен биігі жоқ. Жылды менен бұрын кім көреді?»

Бар жануар жыл келетін жаққа жапырыла қарайды. Қарайды да, иір мойны, таудай бойы бар түйе тұрғанда жылды өздері бұрын көре алмайтынына, манадан өңеш жырттып, текке таласқандарына назаланып, еңселері түсіп кетеді. Сыйыр мәңіреуін, ит үруін, жылқы кісі-

неуін, тауық шақыруын қойып, бәрі тым-тырыс бола қалады.

Тап осы бір мезгілде, қайдан дерің бар ма, жоғарыда бір жерден тышқан шыйқылдап қоя береді.

— Алақай, мен жылды көріп қойдым, мен жылды көріп те қойдым. Міне, келе жатыр... Міне, келіп қалды, міне, міне көрінді.

Жыл да көрінеді. Сөйткенше болмай соны айтқан тышқанның сонау биікте, түйенің құлағына шығып алып шыйқылдап тұрғаны да көрініп, бар жануар көзін жұмып, аузын ашыпты.

Сөйтіп түйе бойына сеніп жылдан құр қалып, тышқан жыл басы боп кеткен екен дейді. Жыл содан бері тышқаннан басталатын болыпты.

— Қап, мына тышқанды-ай!.. Басқа аңдар неге қатыспады екен ә? Мәселен деймін, пілдің, арыстанның аюдың, қасқырдың, түлкінің неге жылда аты жоқ?

— Піл таудай бола тұра, мұрныма кіріп кетеді деп титімдей тышқаннан қорқып келмепті.

Арыстан аң патшасы өзіммін ғой деп менсінбепті.

Ақ аю суда балық ұстап, қара аю жерде ара біткенді шулатып, балын тартып жеп жүргенде құр қалыпты.

Қасқыр қорадағы қойға түсіп жүргенде, қолы тимепті.

Түлкі тауық ұрлауды тәуір көріпті...

*Айт ай Шаншаров.*

## «БОКСЕР»

«Боксермін» деп мақтанады  
Жандарбек  
«Қарсы шығар қане қандай жан  
бар? — деп.  
Көрінгенге күледі ол — қорқақ, —  
деп. —  
Дәу болса да айқасуға шорқақ»,  
— деп.  
Бір күні ол шамаламай  
шамасын,  
Койып қалды он бес жасар ағасы  
Аямады ағасы да «боксерді»,  
Басын ұстап «боксер» сонда  
теңселді.

СҮЛТАНҚҰЛ СӘМЕТОВ.  
Георгиев ауданы.

## Танып қойды мұғалім...

Десем де «Өзім шығардым»,  
Апа, сенің қолыңды  
Танып қойды мұғалім, —  
Есепке «екі» қойылды.

М. Жаманбашинов.  
Новосибирь облысы.



## ЖИЕННІҢ ҚАЛАУЫ

Қайтарында жиенім  
Алдына салдым барымды.  
Қомсынды ма білмедім,  
Байласам да малымды:  
— Алмаймын мен биенді,  
Бір-ақ нәрсе қалаймын  
Жақсы көрсен жиенді,  
Жыйнағын бер Абайдың...  
Алақайлап қолымнан  
Алды Абай жырларын.  
Қушақтап менің мойнымнан,  
Қарашы күліп тұрғанын.

БАЛТАБАЙ АДАМБАЕВ.  
Жамбыл қаласы.

# КӨЗ ЖӘНЕ ОНЫ КҮТУ

ҚҰРМЕТТІ РЕДАКЦИЯ!

Көзді қалай күту керек, қандай жағдайда көздің көргіштік қабылетін сақтауға болады? Осы жайында мақала басуыңызды сұраймыз.

А. ОМАРОВ.

Қарағанды облысы, Жаңарқа ауданы.

Көзіңді бірнеше минут жұмсап, сен дүниеден мүлде қол үзгендей боласың. Ал, көзден мүлде айрылған адамның халі мұнан да ауыр.

Адам қандай қызмет атқармасын, оған көздің қатнасы әрқашан да қажет. Кеміген көзді емдегеннен гөрі, сау көзді күте білу анағұрлым жеңіл.

Адамның көз шарасы бас сүйектің қуысында тұрады.

Көз алмасы қою шыны тәрізді, мөлдір түсті зат. Көз алмасының алдыңғы жағында қос дөңесті әйнек (линза) тәрізді мөлдір көз жанары болады. Көз алмасы мен көз жанарын үш қабық жауып тұрады. Ең сыртқы қабығы — қалың ақ қабық. Осы қабық арқылы көз бір қалыпты түрін сақтайды да, бөгде эсерлерден қорғанады. Ақ қабықтың алдыңғы жағы шыны тәрізді мөлдір мүйіз қабыққа айналады. Бұл қабық дөңгелек пішінді келеді. Көздің екінші қабығы — тамырлы қабық. Тамырлы деудің себебі, осындағы толып жатқан қан тамырлары көзге оттегін және басқа қоректі заттарды жеткізіп тұрады. Мүйіз қабықтан тамырлы қабықтың алдыңғы бөлімі көрініп тұрады, оның артқы жағында түрлі түсті кең сақыйна тәрізденіп жатқан мөлдір қабық болады. Көздің түсі (қара, көк) осы мөлдір қабықта болатын бояу заттардың (пигмент) мөлшеріне байланысты. Мөлдір қабықтың ортасында қарашық болады. Адам жарыққа қарағанда қарашық кішірейеді, ал қараңғыда қайта үлкейе түседі. Сонымен қарашық көзге түсетін жарықтың күшін мөлшерлеп айырады. Қарашықтың алды-артындағы сұйық затқа толы болатын қуыс — көз камерасы деп аталады. Жарық көз алмасының нағыз ішкі жағындағы үшінші тор қабықта қабылданады. Осы қабықта арт жағынан торқабықпен жалғасып, көз тамырын құрайтын тамыр жіпшелері мен клеткалардың 10 қабаты бар.

Көзде пайда болатын көру тетіктерді біздің санамыз осы жерде қабылдайды. Адамның көзі фотоаппарат тәрізді. Заттардан түсетін жарық сәулелері мүйіз қабық арқылы енеді де, алдыңғы қуыстағы сұйық заттан, көз жанарынан және шыны тәрізді денеден өтеді. Бірақ осылардан өтумен бірге сәуле өзінің бағытын өзгерте отырып, көздің торқабығындағы фокустағы нүктеге түседі. Бұл сары түсті болғандықтан, сары дақ деп аталады. Бұған фотоаппараттың артқы керегесіне түскендегідей, біз қараған заттың бейнесі үшін торқабыққа түсетін сәуленің сынуы түрліше болуы қажет. Бұл қызметті атқаратын — көз жанары. Алысқа қарағанымызда көз жанары қысылып кішірейеді де, жарықты аз түсіреді. Жақын затқа қарағанымызда көз жанары сәулені мол түсіреді. Егерде көз жанары осы қызметті атқармаған болса, сәулелер тор қабықтың арт жағына, не алдыңғы жағына жыйналар еді де, біз затты анық көре алмаған болар едік. Анық көру үшін заттың суреті торқабыққа айқын түсуі қажет.

Егде тартқан адамдардың көз жанары қатайып, қысыла бастайды, сондықтан қарт адамдар жақыннан нашар, алыстан біраз тәуіррек көреді. Жақыннан жақсы көріп, алыстағыны көрмейтін кісілер де болады. Бұларды жақыннан көргіштер деседі. Бұлай атаудың себебі, олар затты анық көру үшін, қолымен көзін қалқалап сығалап қарайды. Мұндай адамдардың көзінің артқы жағы үлкендеу болғандықтан сәуле торқабықтың алдыңғы жағына жыйналады, ал алыстан көргіш адамда керісінше, сәуле торқабықтың арт жағына жыйналады.

Жақыннан көргіштік, көбінесе, мектеп жасындағы балаларда жиі болады, бұл көзді қозғап тұратын бұлшық еттің қызметі ауырлауына байланысты. Көзді аса шаршатпау

үшін партаға түзу отырып, басты қыйсайтпай ұстау керек. Бұл тәртіпті сақтамау көздің тез шаршап, қылығ болуына апарып соғады. Партаны өз бойына шақтап алған жөн. Партаның биіктігі тізенің биіктігімен бірдей болуға тиіс. Ал, столдың биіктігі қолды қойып отырғанда иық бүкпей тік ұстап отыратындай болғаны жөн. Кітап пен дәптер 30—33 сантиметрдей жерде жатуы тиіс. Мұндай қашықтықта бұлшық еттерге көп күш түспейді және заттың бейнесі торқабыққа дұрыс түседі. Жарық оң жақтан түсетін болса, жазып отырған оң қол оны көлеңкелейді. Жарық бетке шағылысып, тура түспеуі керек. Жарық жеткіліксіз болса, көз үңіле қарап тез шаршайды да, бас ауыра бастайды.

Алыстан көрмеушілікті көзілдірік кию арқылы түзетуге болады, ал егер көзілдірік кимесе көз онан жаман нашарлайды да, торқабықтың құрылысы мұнан былай емдеуге келмейтіндей болып бұзылады. Басталған кезінде қылығлықтың өзін де арнаулы көзілдірік арқылы түзетуге болады.

Жалпы организмнің шаршауы көзді әлсіретеді, ал жалпы қажу дененің шамадан тыс шаршауына әкеліп соғады.

Көздің жақсы көруі үшін организмге витаминдердің маңызы зор. Мысалы: «А» витамині көздің торқабығының сәулені қабылдайтын қара қошқыл көру құрылысына керек. «А» витаминінің жетіспеуінен адамдар «тауық көз» деп аталатын кешке көрмейтін ауруға ұшырайды. «В» витаминінің жетіспеуінен жарықтан жасқанғыш, ұяң сезім пайда болады, көру нашарлайды, қабақ ісінеді, кірпік былшықтанады.

Көздің жақсы көруіне бүкіл денені суық сумен жуу, гимнастикалық жаттығулар жасау да жақсы көмектеседі.

Б. Мамаев.

## Жаңа қонысқа келген хаюанаттар

Осыдан жыйырма жыл бұрын Балқаш көліне америка аңы — ондатра жіберілген еді. Олар жаңа қонысқа бой үйретіп, көбейіп өсті. Енді, міне, қалың қамыс арасында іңір қараңғылығы қоюлана түскенде Іле өзенінің сағасында суды шалпылдатып, бұталарды ысырып жүрген ондатраларды жиі кездестіресің. Бұл оның түнгі тіршілік әрекеті. Күңгірт тартқан судың теп-тегіс бетін жарып өтіп жөңкіле жүзген ондатралар жағаға шығып алып, тістеп әкелген қамысын жей бастайды. Ол судан құп-құрғақ болып шыға келеді, үстіне тіпті су жұқпайды.

Оның себебі не екен?

Оның себебі ол аңның терісі соншалық қалың, соншалық майлы болғандықтан су жұқпайды.

...Бір күні таңертең Іле өзені сағасындағы Желторанғы ауылының тұрғындары самолет түрілін естіді. Ол бұл жерден ерекше жүк әкетуге келді. Жүкшілер тірі ондатралар салынған тор жәшіктерді самолетке тией бастады. Самолет аспанға көтерілді де, шығысқа тартып кетті. Бірнеше сағаттан соң самолетпен келген 250 ондатра Зайсанның көгілдір суына жүзе жөнелді. Олар өздерін сонау Балқаш көліндегідей еркін сезінді.

Қазақстанның үлкен көлдеріне Балқаштан самолетпен де, автомашинамен де, поезбен де ондатралар апарылады. Бағалы аң барлық жерде де мыңдап, милли-



Марал

ондап өсті. Енді оларды аулау да басталды. Міне, қазір бір ғана Балқаш шаруашылығы ондатра терісін еліміздің басқа республикаларындағы барлық ондатра шаруашылығы бергенінен асырып жіберіп отыр. Ешкімнің игілігіне аспай бос жатқан құм дала, су мен қамыс арасы — ондатраның жақсы мекеніне айналды.

Қазір мындаған аушылар Балқаш қамысы арасынан ірге тепті, олар аң аулау маусымында он мыңдап табыс табады.

Қазақстанда ондатра өсірудің ұйымдастырушысы және бастаушысы биология ғылымдары кандидаты Слудскийге Сталиндік сыйлық берілді.

Ондатра — Қазақстан жануарлар дүниесін өзгертудің, жаңартудың бір айқын мысалы. Ал, мұндай мысал көп-ақ.

Тиіндердің оңтүстік ормандарға тарап өсіп-өнуіне шексіз үлкен далалар көптеген мың жылдар бойында бөгет жасап келді. Біз «табиғаттың бұл қатесін» түзедік те, транспорттың барлық түрін пайдалана отырып, тиіндерді жаңа мекенге жеткіздік. Қазір оңтүстіктегі ойдым-ойдым ормандарда тиіндер саны күн сайын көбейіп келеді.

Республикамыздың солтүстік аудандарының бір колхозындағы адамдар даладан өздері өмір бойы көрмеген аңды кездестіріп таң-тамаша қалды. Бұл аң шаруашылығы мамандары әдейі жіберген елік болатын. Жас еліктер адам тимеген соң қаннен-қаперсіз жайылып, арнап жасалған аран ішіне өздері келіп түнеп жүрді. Содан бері елік Қазақстанның бүкіл солтүстігін жайлап алды, бұл араның байырғы хаюанына айналып кетті. Уралдың арғы бе-

тіндегі орман-далалық аудандарға жетіп, бір жағы Батыс-Сибирь ойпатының орман-далалық бөліміне де ауысты.

Осыдан он бес-жыйырма жыл орман алыбы — бұлан құрып бітуге жақын еді. Бұл құнды аңды қорғауға совет заңы көмекке келді. Бұланды аулауға тыйым салынды. Қазір олар қайта көбейді. Енді бұландар Батыс-Сибирьден Қазақстанға өзбеттерімен ауысып келіп жүр. Адамнан үркүді қойған. Оларға ормандар тарлық жасаған соң, орман-далалық аудандарға өте бастады. Әдетте, бұлан бұрын орманнан безіп көрген емес-ті.


Арал теңізіндегі Барсакелмес аралының жағасы күні-түні толқын ұрады да жатады. Міне, сол аралдың жоғасына 1927 жылы бір пароход кеп тоқтап, құрып бітуге айналған сайғақтың тұқымынан бес аң әкелінді. Бұлар жер бетінде сонау сол — мамонттар тіршілік еткен замандарда бүкіл Европа мен Азияда болған, соңғы кезде Қазақстан мен Волганың сағасында ғана қалған еді.

Енді Барсакелмес аралында сайғақ жүздеп саналса, Бетпақдалада мыңдап табылады. Оларды аулауға тыйым салынғандықтан бұл самсап өсіп келеді. Таяуда ғана бұл аралға Азияның оңтүстігі мен Монғолияда ғана сау қалған құландар жіберілді.

Біздің еліміздің қаулап өсу қарқыны біздер табиғаттың ісіне араласуды, оны жаңартуды талап етеді.

Міне, осы мақсатты көздеп біздің ғалымдар бұрын атымен болмаған хаюандарды жаңа мекенге көптеп әкеліп, өсіріп отыр.

М. Зверев.



Елік





## ОКТАБРЬ

Жазда қара сулардың бетін жап-жасыл кілемге ұқсап балдыр тәріздес өсімдік жауып кетеді. Ал, күзде келсең бұл көріністі көре алмайсың. Сонда бұл өсімдік қайда кеткен? Жел айдап әкеткен жоқ. Ал, үйректер жеп тауысты деуге олар оңтүстікке ауып кетті. Бұл жасыл өсімдік көл бетіне қаймыжықтанып қата бастаған мұздан қорғанып судың түбіне батып кетті. Келер жылы су бетіне ол қайта шығады. Көптеген су өсімдіктері осы сыяқты су астында қыстайды.

Волганың сағасында лотос деген өсімдік өседі. Жаздың күні оның үлкен әсем гүлдері қурап түсті де, қазір су бетінде балалардың сылдырмағына ұқсас қауашағы ғана тұр. Күзге қатты жел сілкілеп дәндерін суға түсіріп жатыр. Олар суықтан қорғанып тереңге батып жатыр. Бұлардың кейбіреуі көктемде өніп шығады да, кейбіреулері сол түскен қалпымен қалып қояды. Таяуда оқымыстылар осыдан екі мың жылдар бұрын жерге түскен лотостың тұқымын тапқан. Мұның ең бір қызығы: қазіргі Европа мемлекеттерінің бірде-бірі болмаған кезде су қоймаларының түбіне түскен тұқым бүлінбеген екен, өніп шықты. Су астындағы тұнба өсімдікті қысқы суықтан сақтайды.

Қыста кішкентай аңдар мен шыбын-шіркейлер қайда кетеді? Оларды күтпеген жерден табуға болады. Қараңғы подполдарда ондап-жүздеп қабырғаға жабысып, қалғып тұрған қалақай көбелектерді шам жарығымен болмаса таба алмайсың. Көп этажды үйлердің төбесінде «Хан қызы» деген кішкентай қоңыздар жасырынады. Суықтан тоңып қатып қалған «Хан қыздары» қыс бойы осында болады.



Лотос



Емен бұршігі



Тастардың астына, жерге кіріп алып көлбақалар ұйықтайды; құрғақ пішен төселген індерге кірпішешендер жайғасады. Қырларда саршұнақтар мен аламаңдар дән жыйнаған індеріне тығылып, ұйқыға кетеді. Ағаштың тамыры астынан ін қазып, борсық мекендейді. Бұл кезде аю да үңгіріне келеді.

Күзді адамдар ерте заманнан жылдың мұнды мезгілі деп есептеген. Ақындар күзді кәрілікпен, өлімнің жақындауымен теңестіріп жырлаған. Бұл шынында да солай ма? Жоқ: күз тіршіліктің өлімге жақындаған кезі емес. Күздің бойында көктемнің болашағы жатады. Октябрде көктемді көру үшін жақсылап іздей білу керек. Күрек алып орманға келсеңдер, жерді терең қазып әуре болмайсыңдар. 8 сантиметр қазғаннан кейін-ақ ақ түсті ұзын тамырларға кездесесіңдер. Бұл — ландыштың тамырлары. Бұл тамырлардың бойында болашақ өсімдіктің қабыршақты бұршігі бар. Ал, бұршіктен көктемде өсіп шығатын жапырақты көруге болады.

Еменнің бұршігін еппен сындырып алып, оны ұстарамен ұзына бойын жарсаңдар алдағы уақытта көктемде жарып шығатын жапырақтар мен гүлдердің пластинкаларын үлкейткіш лупалармен көруге болады. Еменнің тұтас бір бұтағы кіп-кішкентай бұршіктің ішінде жатады.

Күз тіршілікке толы. Бар айыбы бұл тіршілік сырттай қараған көзге көрінбейді. Бұл тіршілік жер астында су қоймаларының түбінде, суық өтпейтін бұршіктің қалың қабақтарының ішінде. Октябрь аспанынан Орион жұлдыздарын көруге болады. Бұл жұлдыздардың бірсыпыра қасиеттері сендерге таныс болу керек. Мұнда өзінің көлемі жөнінен Күннен жыйырма жеті миллион есе үлкен алып қызыл жұлдыз Бетельгейзе, жыйырма жеті мың күндей жарқырайтын Ригель жұлдыздары бар. Орионның тағы бір ерекшелігі оның белдігі сыяқты көрінбейтін үш жұлдыздың астыңғы жағында Орионның үлкен шоғырмағы бар. Мұның өзі кәдімгі бақылау трубасымен қарағанда кішкентай дақ сыяқты болып көрінеді.

Орион шоғырмағы Галлактиканың ішінде мұның өзі миллиондаған км ге созылған сиреген газ бұлтына ұқсайды. Галлактиканың сыртындағы шоғырмақтардан айыру үшін, мұндай газ бұлттарын диффузиялық яки ыдыраған шоғырмақтар деп аталады.

Телескоппен қарағанда Орион шоғырмағының бетінде аттың басына ұқсаған қара дақ көрінеді. Бұрынғы кездерде оқымыстылар мұны аспан әлемінің түбі көрінетін «шоғырмақтар саңлауы» деп ойлаған. Енді мұның өзі диффузиялық шоғырмақтардың жарық беретін газы мен жұлдыздардың сәулесі арқылы көрінетін космикалық тозандар мен ұсақ жарықшақтардың күңгірт түсті бұлт екендігі дәлелденіп отыр.





„Пионер“ — Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналды. Журналда балалар өмірінен жазылған шығармалар: повестер, поэмалар, әңгімелер, өлеңдер, очерктер және мектеп, пионер өмірлері жөнінде материалдар басылып тұрады. Ол мұнымен қоса жас оқушыларын ғылымның, техниканың жаңалықтарымен таныстырып отырады.

Пионерлер мен оқушылар! „Пионер“ журналына жазылуға асығындар.

Жазылу бағасы:

12 айға 12 сом.

6 айға 6 сом.

Журналға „Союзпечатьтің“ барлық бөлімдерінде, байланыс орындарының бөлімшелері мен агенттерінде, кәсіпорындардағы, колхоздардағы, совхоздардағы, МТС-тердегі жазылу пункттерінде қабылданады.

Ұзақ мерзімге жазылу журналдың мезгілінде қолға тиюіне кепіл болады.

БАҒАБЫ 1 СӨМ.

